

ЭРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша  
ноября 2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Өрт сөндірушілердің  
жалақысы өседі

Келесі жылдан бастап өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың жалақысы 10%-дан 70%-ға дейін көтеріледі.



«Жалақыны 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10 пайыздан 70 пайызға дейін көтеру жоспарлануда. 70 пайыз – қатардағы қызметкер мен қызметке енді ғана кірісіп жатқандар үшін ең жоғары өсім. Ал 10 пайыз өсім – басшылық құрамдағы қызметкерлерге, яғни, өрт сөндіру қызметінің басшылары, төтенше жағдайлар қызметінің бастықтарына қатысты, – деді ҚР Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин.

Ведомство басшысы бұл өсімнің өз жалақысына еш қатысы жоқ екенін баса айтты «Төтенше жағдайлар министрлігі басшылығының жалақысы сөзсіз өспейді, саяси қызметкерлерге жалақы көтеру мәселесі қарастырылмайды», – деді ол.

Айта кетейік, үш жыл бұрын өрт сөндірушілер айына 65 мың теңге жалақы алған. Ал қазіргі кезде министрінің айтуынша, өрт сөндірушілер кемінде 110 000 теңге айлық алады.

2023 жылдан бастап өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың ең төменгі жалақысы шамамен 180 000 теңге көлемінде болмақ.

Өз тілшімізден

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

ІРО: мұнай – ортақ игілік

Нұрканат ҚАНАПИЯ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

9 қарашадан бастап «ҚазМұнайГаз» акцияларын ІРО арқылы саудаға шығарды. 2 желтоқсанға дейін 30 миллионнан астам жай акция жаңа қожайынның табуы тиіс. Іс-шара Үкіметтің Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспары шеңберінде жүзеге асып отыр.

Аталған кампания Қазақстан қоғамы үшін таңсық емес. Бұған дейін де бірнеше отандық компанияның акциясы сатылған еді. Тәжірибе бар. Дегенмен, бүгінгі науқанның механизмі қандай?

ІРО бізге таңсық емес

ІРО – ағылшынша «Initial Public Offering». Яғни, бастапқы жария орналастыру. Қаржысын тарта отырып халықты экономикаға белсенді араластыруды, тұрғындардың тұрмыстық әл-ауқатын арттыруды көздейді.

ІРО елімізде алғаш рет 2012 жылы жүзеге асты. Жыл аяғына таман «Самұрық-Қазына» АҚ «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын сатылымға шығарды. Компанияның 38 463 559 жай акциясы ұсынылды. Бір акция 725 теңгеге бағаланды.

Сатып алу үрдісі отандық жинақтаушы зейнетақы қорларына жазылым арқылы жүргізілді. Мұнда бөлшек инвесторлар орналастырылған акциялардың 79,1%-ын иеленді.

2014 жылдың 18 желтоқсанында «KEGOC» АҚ-ның 25 999 999 акциясы сатылды. Әр акция құны 505 теңге болды.

2018 жылдың қарашасында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ-ның 38 694 708 депозитарлық қолхаты мен акциясы сатылды. Бұл – компания акциясының 14,92 пайызы. Депозитарлық қолхат бағасы – 11,6 АҚШ долларын, акция бағасы 4 322,74 теңгені құрады.

Бүгінгі ІРО екі жыл бұрын қабылданған Жекешелендірудің 2021-2025



жылдарға арналған кешенді жоспары аясында жолға қойылды.

Сондай-ақ, жоспарда 2023 жылға дейін бірнеше ірі компанияның акцияларын сату көзделуде. Бұл қатарда «Әір Астана» АҚ (2023-2024 жж.), «KEGOC» АҚ (2023-2024 жж.), «Самұрық-Энерго» АҚ (2023-2024 жж.), «QazaqGaz» АҚ (2023-2024 жж.) және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (2025 ж.) бар.

Сатып алу тетігі  
қандай?

«ҚазМұнайГаз-дың» 30 505 974 акциясы сатылады. Бұл – «Самұрық-Қазына» қоры иелік ететін 90,42 пайыз акцияның 5 пайызы. Қалған 9,58 пайызы – Ұлттық банктің еншісінде.

Бір акция құны – 8406 теңге. Түскен қаржы Ұлттық қорға құйылады. Қызығушылар тарапынан өтінім қабылдау 9 қарашада, Астана уақыты бойынша сағат 12:00-де басталды.

Институционалды инвесторлар 30 қараша күнгі сағат 18:00-ге дейін акцияға қол жеткізе алады. Ал, бөлшек инвесторлар үшін сауда 2 желтоқсан күні сағат 15:00-де жабылады.

Акцияны сатып алу жүйесі де қарапайым. Әуелі брокерді таңдайсыз. Брокер дегеніміз биржа мен инвестор арасындағы делдал. Яғни, сіздің атыңыздан тапсырманызға сәйкес жұмыс жасайды. Брокерді Қазақстан қор биржасынан (KASE) немесе Астана халықаралық биржасынан (AIX) табуға болады.

Сондай-ақ, онлайн брокерлердің мобильді қосымшаларының қызметіне жүгінуге болады. Бұл ретте Halyk Invest, Freedom Broker, BCC Invest, SkyBridge Invest және Tabys қосымшаларының көмегі тиеді. «Қазпошта» бөлімшелері арқылы да өтінім жіберуге мүмкіндік бар.

Брокер тандалған соң брокерлік шот ашып, ақша салу қажет. Брокерлік шот – бұл бағалы қағаздар мен ақша қаражатын сақтауға арналған шот.

Бұдан кейін брокер сіздің тапсырысыңыз бойынша сатып алу шараларын жүргізеді. Комиссия әр брокердің белгілеген мөлшеріне сәйкес алынады.

Тағы бір назар аударатын мәселе, Tabys қосымшасы арқылы акциялардың биржалық сауда-саттығына қатыса алмайсыз. Акцияларды келешекте сату үшін брокерлік шот ашу қажет.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Қаржы департаментінің жетекші маманы Дархан Айдарбековтің айтуынша, дивиденд 200 млрд. теңгеден кем түспейді.

– Қазіргі болжам бойынша дивиденд 200-250 млрд. теңгеден аз болмайды. Бірақ, ІРО-дан кейін үш жыл бойы Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы барреліне 70 доллардан төмендемеуі шарт. Жылына бір рет төленеді. Ал, егер мұнай арзандап кетсе, жылдың басында өтетін акционерлер отырысында дивиденд сомасы бекітіледі, – дейді маман.

Ең азы бір акция сатып алуға болады. Ал, молынан аламын десеңіз, қолыңыздан ешкім қақпайды.

Айта кетейік, қазіргі таңда «ҚазМұнайГаз» компаниясының құрамына «Өзенмұнайгаз», «Ембімұнайгаз», «Қазатүрікмұнай», «ҚазМұнайТеніз», «Өріқтау», «Маңғыстаумұнайгаз» (50%), «ҚазГерМұнай» (50%), «Қаражанбасмұнай» (50%), «Қазақойл Ақтөбе» (50%), «ПетроҚазақстан Инк» (33%) кәсіпорындары мен Теңіз (20%), Қарашығанақ (10%), Қашаған (16,88%) кен орындары енеді. Бұдан бөлек, тасымалдау желілері, мұнай өңдеу зауыттары компанияға қарайды.

ӨНДІРІС – ӨМІР ӨЗЕГІ

Жылу радиаторлары  
шығарылады

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ  
«Ortalyq Qazaqstan»

Арнайы экономикалық аймақтың сонда түскен инвестиция түйірін гүл-гүл жайнататын құнарлы топыраққа айналар күнін күткелі көп жыл. Инфрақұрылымы сайма-сай аймақтар инвестиция құюға ықыласты жатты да, жақынды да жатсынған жоқ. Сұраған орнын ойып беріп, экономикаға үлес қосатын жобаларға есігін айқара ашқалы да біраз. Қарағандыдағы «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында іске асуы тиіс сондай жобаның бірі – «Sillumin of Qazaqstan» ЖШС-нің алюминий және биметал радиаторлар өндірісі.



4-бетте



Сағыныш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде ерекше білім беруді қажет ететін бала саны 55 мыңға жетті. Олардың қоғамнан қағажу көрмей, сапалы білім алуы да маңызды. Қолайлы орта қалыптастыру, инклюзивті білім беру мақсатында педагогикалық-психологиялық орталықтар жұмыс жасауда. Соның бірі – Қарқаралы қаласында орналасқан №4 психологиялық-педагогикалық түзету орталығы.

Оңалтуға оң қадам



4-бетте

Баспасөз – 2023

| Санаттар                      | Жеткізусіз   | «Қазпошта» АҚ қала (теңге) | «Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге) |
|-------------------------------|--------------|----------------------------|----------------------------------|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін |              | 6 ай 5848,50               | 5919,00                          |
|                               |              | 12 ай 11697,00             | 11838,00                         |
| Жеке жазылушылар үшін         | 12 айға 4116 | 6 ай 3100,50               | 3111,00                          |
|                               |              | 12 ай 6201,00              | 6222,00                          |

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен )

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермаков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61  
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

| Санаты                        | Жеткізусіз | «Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша | «Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл |
|-------------------------------|------------|----------------------------------------|--------------------------------------|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін |            | 10257,00                               | 10470,00                             |
| Жеке жазылушылар үшін         | 3492       | 5577,00                                | 5706,00                              |

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!  
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.





Қарағанды облыстық мәслихаты  
хатшысының  
ӨКІМІ

Қарағанды қ. № 2-5/12-93  
17 қараша 2022 ж.

#### Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XX сессиясын шақыру туралы

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XX сессиясы 2022 жылғы 22 қарашада сағат 15.00-ге (Әлиханов көшесі, 13, конференц-зал) шақырылсын.

**С.ӨТЕШОВ,**  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының хатшысы

#### ХАБАРЛАМА

Облыстық мәслихаттың 2022 жылғы 22 қарашадағы кезектен тыс XX сессиясының қарауына мына мәселе шығарылады:

1) Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 9 желтоқсандағы «2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №122 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2) Басқа да мәселелер.

**С.ӨТЕШОВ,**  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының хатшысы

#### ЖОБА

## Қолжетімді электроарба

**Назарбаев Зияткерлік мектебінің тоғызыншы сынып оқушылары София Дасаева мен Лейла Нұрлыбаева электроарбаның бюджеттік баламасын ұсынды. Олар мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдер үшін гироскутер арбасының эксперименттік нұсқасын жасап шығарған.**

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

— Біз мүмкіндігі шектеулі жандар қалтасы қалың емес екенін түсінеміз. Ал, электр арбасының сөредегі бағасы — удай. Қолжетімді балама қажет. Ойландық. Толғандық. Содан, біраз уақыт «өзекті» болып, қазір қажеттілігі ортайған гироскутерді қалай қолданақ екен деген ой келді, — дейді НЗМ студенттері. — Жобаны оқытушы Жанар Бәйметованың басшылығымен жүзеге асырдық. Моделімізді жетілдіру үшін балаларға арналған механикалық мүгедек арбасы, гироскутер және тұтқалар қажет болды. Керек-жарағымызды Облыстық клиникалық ауруханасы техникалық бөлім мамандары жинап беруге көмектесті.

Соңыра сол аурухана мен екі емханада гироскутер арбаның сапасы мен ыңғайлылығы тексерілді. Тестілеуге София мен Лейла өздері қатысты. Оқушылар арбаға отырып, пандуспен көтеріліп-түсуге, 90 және 360 градусқа бұрылуға, жылдамдықты арттыруға және қалпына келтіруге тырысты.

— Арба рычагтар арқылы қозғалады. Оның қалай жұмыс істейтінін түсіну үшін нұсқаулық жасадық, — дейді София.

Айтуынша, мұндай арбаның құны 100 мың теңгеден сәл асады. Есептегенде электр арбасынан 14 есе арзан. Мектеп оқушылары әлеуметтік жобаны бастай беруге болады деп санайды. Демек, адамдар қажетсіз гироскутерлер мен механикалық мүгедектер арбасын тапсырады, ал құрылғы даяр болған соң мұқтаждар тегін алады.

Сөйтіп, жас өнертапқыштар ғылыми жобалар желілік байқауында III орын иеленді. Жеңімпаздар бұл идеяны түбегейлі жүзеге асыру үшін ортақ жобаны жетілдіре түспекші.

#### ӨЗЕКТІ

# Жолақыдан жалтарғандар айыппұл арқалайды

**ONAY!** картасы қолданысқа енгелі бері, қоғамдық көлікте жолақысын төлемейтіндер көбейді. Өзірге ондай жолаушыларға тек ескерту ғана айтылып жатыр. Бақылаушылар келер айдан бастап, жолақысын төлемегендерге айыппұл арқалатпақшы.

Несін жасырамыз, Қарағандының автопаркі халықтың сын садағына жиі ілігіп жатады. Орынды да. Қазір автобус жүргізушілері бұрынғыдай жолаушыға таласып, жарысуды, тіпті, жаға жыртасуды қойған көрінеді. Қазір кестемен жүреді.



**Қасымхан ҒАЛЫМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Онлайн өткен кеңесте автопарк басшылары облыс әкімі Жеңіс Қасымбекке осы төңіректегі мәселелерді жеткізді. Өңір басшысы қала тұрғындарының автобус мәселесіне қатысты шағымдары әлі де түсіп жатқанын атап өтті. Оның ішінде қоғамдық көлікті ұзақ күтетініне және автобус салоны лық толы болса да, жолаушыларды үсті-үстіне мінгізетініне наразы.

Облыста 203 тұрақты маршрут жұмыс істейді, 39 жүргізуші қызмет көрсетеді. Ал, жалпы автопаркте 900-ден астам автобус бар.

— Биыл пандемияға байланысты жабылған ауданаралық жеті бағыт бойынша қозғалыс қалпына келтірілді. Қанаттас қалалар Теміртау, Шахтинск, Саран, Абайға, сондай-ақ, Топар және Шахан кенттері алты автобуспен қамтылған. Жыл сайын осы маршруттарда 5,5 миллионнан астам

адам тасымалданады, — дейді жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Сәбит Оспанов.

Басқарма басшысы автобустардың қозғалысына күнделікті бақылау жүргізіліп жатқанын атап өтті. Жолаушылар Bus09 қосымшасы арқылы қала маңындағы автобустардың қозғалысын бақылай алады.

Қыркүйек айынан бастап Қарағанды — Абай бағыты бойынша «Мерседес» маркалы 10 автобус іске қосылды. Ал, Қарағанды — Теміртау және Қарағанды — Шахан бағыттары бойынша мәселелер оң шешімін таба алмай отыр. Мұны автопарк басшылығы автобустардың ескіруі және жүргізушілердің жетіспеушілігінен деп түсіндіреді.

Расымен, жүргізушілер тапшы. Қарағандыда 224 бос жұмыс орны бар. №5 автопарк өнеркәсіпті дамыту қорына 58 жаңа автобус сатып алуға өтінім

берді. Ал, №3 автопарк келесі жылы 30 жаңа автобус сатып алмақшы.

— Жолаушылар тарапынан шағымдарды қадағалап, жедел әрекет ету қажет. Автопарктер барлық міндеттемелерін орындауы тиіс. Өткен жылы және биыл біз субсидиялауды едәуір арттырдық. Автобустарды жаңарту жұмыстары жүріп жатыр. Электронды билетті енгізу де жолаушылар үшін қолайлы, — деп атап өтті аймақ басшысы.

Алайда, шағымдар тек жүргізушілерге ғана қатысты емес. Қоғамдық көлікте жолақы төлемейтіндер көбейіп кетті. Қазір Қарағандыда №3 автопарктің 50 бақылаушысы және еВау компаниясының 30 бақылаушысы жұмыс істейді. Өзірге олар жолаушыларға жол жүру жауапкершілігі туралы ескерту жасауда. Желтоқсан айында бақылаушылар полиция қызметкерлерімен бірге шығып, жол ақысын төлемегендерге айыппұл салады.

#### ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## Мұғалім мамандығына сұраныс артып келеді



Елімізде 700-ден астам колледж «Жұмыс берушілер күніне» қатысты. Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде де бұл шара аса қоғары деңгейде ұйымдастырылды. Кездесуге қаладағы білім беру ұйымдарының басшылары мен оқу ісі жөніндегі меңгерушілер, мектепке дейінгі мекемелердің директорлары мен әдіскерлері қатысты.

**Сағыныш ӘБІЛ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

— Бұл күннің біз үшін маңызы өте зор. Колледжде 1000-нан астам студент бар. Олар сегіз мамандық бойынша білім алуда. Атап айтсақ, дене тәрбиесі, көркем еңбек, кейіннен енгізілген дизайн, шет тілі, мектепке дейінгі, бастауыш сынып, қазақ тілі және музыка пәні мұғалімдерін даярлап шығарамыз. Осыдан 4-5 жыл бұрын педагогикалық мамандықтарға сұраныс болмайтын. Қазір керісінше. Тағы бір сұранысы жоғары мамандық — дене тәрбиесі пәні мұғалімі. Қазір қоғамда мұғалімдік кәсіптің әлеуметтік маңызы зор. Экономикалық-әлеуметтік тұрғыда да кәсіптік білім алдыңғы орында. Осы орайда, Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі маман дайындауда зор үлес қосып келеді. Әрі бітіріп шыққан студенттердің 70%-ы жұмыспен қамтылады, — дейді колледж директоры Есжан Әміров.

Мұғалім мамандығының өлмейтін кәсіп екеніне пандемия кезінде көптеген жұмыс көздері жабылып, жұмыссыздар саны артқан тұста көз жетті. Мұғалімдер қашықтықтан болса да жұмыс істеп, тиісті еңбек ақысын алып отырды.

Елдегі білім саласының дамуына сүбелі үлес қосып отырған білім ордасының түлектеріне деген сұраныс көп. Себебі, саннан емес, сапаға жіті көңіл бөлетін оқу орынында білікті мамандар қызмет жасайды. Жауапкершілік жүгін сезінген мамандардан білім алған түлектер өз

тәжірибелерін өңірдегі білім беру ұйымдарында жалғастырып келеді.

Таланты маманға деген сұраныстың да жоғары екенін шарадан анық байқауға болады. Шара барысында жұмыс берушілер үшін арнайы экскурсия ұйымдастырылып, студенттердің жасаған жұмыстары көрсетілді. Оқытушылар мен жұмыс берушілер серіктестік бағыттарымен бөлісті.

«Академиялық дербестік аясындағы білім берудің ерекшеліктері» тақырыбында директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Самал Жұманқұлова, «Сабақ үрдісінде оқыту нәтижелеріне қол жеткізу әдістері мен құралдары» туралы Гүлден Мұханова, «Бәйтерек» балабақшасының колледжбен ынтымақтастығы туралы «Бәйтерек» балабақша директорының міндетін атқарушы Зинабұл Нығметова, «Жұмыс тәжірибесінен: қорытынды аттестатау нысаны ретінде демонстрациялық емтиханды өткізу және Baby Skills халықаралық чемпионаты аясындағы әлеуметтік серіктестік жөнінде директордың өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Любовь Шевченко кадрларды даярлаудың өзекті тақырыптары бойынша баяндамалар жасады.

Педагог-психолог Айман Ғалымжанқызы танымдық ойындар ұйымдастырды.

Шара соңында бірқатар жұмыс берушілерге марапаттар тапсырып, ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды.

#### БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

**Арқаның қысы — биліктің білігі сыналар шақ. Әсіресе, коммуналдық салада кемшілік жіберуге әсте болмайды. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте Қарағанды қаласының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жылғы маусымның аяқ алысы туралы әңгімеледі.**

**Ерғанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

#### ЖҮЛЫ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОҚ

Әкімнің айтуынша, қазіргі кезде ЖЭО-1, ЖЭО-3 жылу көздері мен инженерлік желілер бойында жағдай қалыпты. Барлық әлеуметтік нысандар жылумен қамтылған.

— Шахтер кентін орталық жылумен қамту маңызды. Қазіргі уақытта сорғы станциясынан кентке дейін шамамен 2 шақырым құбыр төселді. Сорғы станциясының құрылысы жалғасуда. Жоба — екі жылдық. Нәтижесінде, 62 көппәтерлі тұрғын үй «жылынады». Сондай-ақ, 30-шы шағын аудандағы білім беру нысанына қосылатын жылу желілерін жаңарту сәтті аяқталды. Ғазалиев көшесінен «Березка» шипажайына дейінгі жылу трассасының бөлігін ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Ермеков көшесіндегі жылу магистралін қайта жаңарту — ендігі жылдың еншісінде, — деді Ермағанбет Қабдулаұлы.



#### ГАЗ ТАРТЫЛДЫ

Газ 1 695 үйдің іргесіне апарылды. Оның ішінде, техникалық шарттарға 537 үй, 18 коммуналдық-тұрмыстық және өнеркәсіптік кәсіпорын қол жеткізген.

289 үй газға қосылған. Тұрғын үй секторын газдандыру кезінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидалары бекітілді: ең жоғары мөлшері — 100 АЕК (318 000 теңге). Бүгінгі таңда 18 адам әлеуметтік көмек алып үлгерді.

Бұдан бөлек, қаржылық жүктемені жеңілдету үшін пайызсыз, 3 айға бөліп төлеу мүмкіндігі бар. Екінші деңгейдегі банктер 6 айға — 10%-бен, 12 айға — 15%-бен және 24 айға 20%-бен несие береді. Техникалық шарттарды алу жеңілдеді.

Құжаттар 7-ден 4 тармаққа дейін қысқартылды. Топотүсірілім алынып тасталды. Техникалық шарттарды орындау — тегін.

#### КӨКТАЙҒАҚ

**ҚАЛАЛЫҚТАРДАН ШАҒЫМ КӨП** Ғаламторды парактасаңыз, көктайғаққа қарсы жұмысты сынаған жазбалар шаш-етектен. Қала әкімі шағым да көп түскенін тілге тиек етті. Мердігер «Тазалық Эксперт» ЖШС айыппұл арқалаған.

Жол бойына себілген құм құрамында асықтай-асықтай тас жүретінін жүргізушілер арагідік айтады. Аталған мердігер көктайғаққа қарсы материалды мұқият елеу үшін арнайы қондырғы сатып алыпты. Кепілдік бар. Алғышарт бұзылса, айып-

пұлдың ауылы ұзақ емес. Қазір аудан әкімдіктері мұндай жағдайларға жол бермеу бойынша бақылау жүргізуде. Құратор бекітілді. Ол күн сайын төгінділер сапасын, сондай-ақ, шығарылатын техниканың санын бақылайды.

Қала бойынша аумақтарды санитарлық және механикаландырылған тазалау бойынша 9 мердігер ұйым жұмыс істейді. Олармен үш жылдық келісімшарттар жасалған.

Жұмысқа 447 арнайы техника жұмылдырылды. Биыл 14 доңғалақты тракторларды сатып алу мақсатында саябақтар басқармасына тиісті қаражат бөлінді. Қазір олардың 4-еуі қала аумағын тазарту жұмыстарына қатысып жүр. Қалған оны аспалы жабдық орнатылған соң, қатарға қосылмақ.

#### ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ — МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Естеріңізде болса, өткен жылдың желтоқсан айынан бастап жолаушылар автобустарында жол жүру ақысын төлеудің электрондық жүйесі енгізілді. Біраз күнгі әуре-сарсаннан соң қалалық автобустар қажетті құрылғылармен жабдықталды. 290 мыңнан астам карта сатылған. Электронды жүйе үстемдігін үдете түсуде. 15 қазаннан бастап, сараланған тариф қолданылуда. Бұл қолама-қол ақшасыз төлемдердің үлесін 90-92%-ға дейін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Еесіне, бұл тәсіл жолаушылар ағыны туралы нақты деректерді білуге, соның негізінде қаланың маршруттық желісін оңтайландыруға игі ықпал етпек.

Қазір қалада 6 автобус паркі жұмыс істеуде. 43 қалалық және 8 қала маңындағы маршруттар қозғалысы ұйымдастырылған. Күн сайын желіге барлық бағыттар бойынша 300-ден астам автобус шығады.

Сапасы ше? Тасымалдаушылардың жылжымалы құрамын жаңарту мақсатында биыл арнайы шарттар жасалып, жолаушыларды қауіпсіз және жайлы тасымалдаудың барлық заманауи талаптарына сәйкес келетін жергілікті өндірістегі жаңа 82 автобус сатып алуға аванстық төлемдер төленді.



● САЙЛАУ – 2022

## Дайындық барысы пысықталды



Салтанат ІЛИЯШ,  
«Орталық Қазақстан»

Бұған дейін еліміздің өзге өңірлерінде өткен ҚР Президенті сайлауына дайындық және өткізу мәселелері бойынша көшпелі семинар-кеңестің соңғы отырысын Орталық сайлау комиссиясы мүшелері облысымызда өткізді. Семинар-кеңес барысында сайлаушылар тізімі бойынша өңірде жүргізіліп жатқан жұмыстар, ұйымдастыру жұмыстары, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, мүгедектігі бар азаматтарға жағдай жасау, бюллетеньдерді уақытылы жеткізу жағдайы баяндалды.

Семинар екі кезеңнен тұрды. Біріншісінде орталық сайлау комиссиясының өкілдері жергілікті атқарушы орган өкілдерінің, прокуратураның, әкімдіктің, полиция департаментінің Президенттің 20 қарашада кезектен тыс сайлау өткізу туралы Жарлығында айтылған тапсырмаларын орындау барысы талқыланды. Ал, екінші кезеңінде, учаскелік сайлау комиссиялары үшін кейс технологиясы негізінде іскерлік ойын түрінде тренинг өтті.

– Семинар-кеңес сайлау процесінің барлық қатысушыларына арналған. Біз дауыс беретін күні сайлау заңнамасының максималды түрде сақталуына мүдделіміз, – дейді Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нүркенов сайлауға дайындық жұмыстары аясында Орталық сайлау комиссиясы мүшелері өңірлерде семинарлар өткізуді жоспарлағанын айтады.

– Жұмыстың басты мақсаты – сайлауалды дайындықтарды пысықтау, сондай-ақ, сайлау процесіне қатысты мәселелерді қарастыру.

Екі бөлімнен тұратын семинарға облыс өңірлеріндегі сайлау комиссияларының мүшелері қатысуда. Барлық деңгейдегі сайлау комиссиясының мүшелері ең алдымен сайлаудың заңдылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Бұған дейін жергілікті атқару органдарымен ауқымды дайындық жұмыстары жүргізілген. Яғни, Конституциялық құқығына сай әр сайлаушы дауыс беруі тиіс, – дейді Қайрат Қаршығаұлы.

Бір ай аралығында барлық сайлау комиссиялары сайлау күні орын алуы ықтимал түрлі жағдайларға байланысы дайындық жұмыстарын жүргізген. Мақсат – учаскеде дауыс беру кезінде оқыс оқиғалардың болмауы әрі сайлаушылардың комиссия мүшелері жұмысына көңілдерінің толуы.

Жалпы, облыс бойынша 642 сайлау учаскесі тіркелсе, 4800 адам комиссия құрамына кіретінін де айту керек. Ал, сайлаушылар саны – 768 мың. 17 қарашадан бюллетеньдер аумақтық комиссияларға таратылып, сайлауға бір күн қалғанда сайлау учаскелеріне жеткізіледі.

Бүгінде облысымызда ЕҚЫҰ миссиясы бойынша ұзақ мерзімді екі байқаушы жұмыс жасауда. Ал, сайлау күні алдында ТМД миссиясы бойынша, одан бөлек, Парламентаралық Ассамблеяның қысқа мерзімді байқаушылары келеді. Олар бүгінде Орталық сайлау комиссиясынан тіркеуден өткен. Ал, республиканың қай өңіріне баратынын өздері шешеді.

Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров ҚР Президенттігіне кандидаттардың әрқайсысына тоқталып, ақпарат берді. Ал, сайлау бюллетеньдерінде олардың аты-жөндері алфавит ретімен орналастырылады.

Константин Петров сайлауалды үгіт-насихат жұмысына да тоқталып өтті.

– Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Конституциялық Заң бойынша сайлаулады үгіт-насихатын үш түрі анықталған. Бірінші жолы – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы. Яғни, кандидаттар дауыс беру күніне бес күн қалғанға дейін материалдарын орналастырады. Екіншісі – кандидаттардың қоғамдық іс-шаралар өткізуі немесе кездесулер ұйымдастыруы. Үшінші тәсіл – баспа, аудио-визуалды және өзге де үгіт материалдарын шығару және тарату, – дейді Константин Петров.

Константин Викторович сайлаушылар тізімі ерекше назарда болуы керек екенін айтады. 2018 жылдан сайлаушылар тізімі мемлекеттік база арқылы қалыптастырылады. Бірақ, соған қарамастан, бұл проблема бүгінгі күнге дейін шешімін

таппаған. Яғни, бірқатар азаматтардың тіркелген мекенжайы бір бөлек, нақты тұратын жері тіпті басқа. Осыған байланысты тізім қалыптастыруда қиындықтар туындайды.

– Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясы тізімді қалыптастырумен айналыспайды. Біз дауыс берушілердің нақты тізімінің жоқ екенін мойындаймыз. Сондықтан, сайлау күні екі ақпараттық сервис жұмыс жасайды. Біріншісінде учаскелік комиссияның екі мүшесі мемлекеттік базаға кіру мүмкіндігіне ие болады, – дейді Константин Викторович.

Бұл жағдайда төраға орынбасары сайлау күні өздерін тізімнен таппаған адамдардың барлығын сайлаушылар тізіміне енгізуге болмайтынын баса айтты. Яғни, өзін сайлаушылар тізімінен таппай, өтінішпен келген адам әбден тексеріліп, тіркелген мекенжайы нақтыланғаннан кейін ғана аталған сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізіледі. Учаскелік комиссия мүшесі деректер базасынан өтінішпен келген сайлаушыны тексеру кезінде оның өзге учаскелерде тіркелген не тіркелмегенін де тексере алады.

Білгілі бір себептерге байланысты тіркеуден шығып кетіп, әлі ешқайда тіркелмеген азаматтар үшін де жағдай қарастырылған. Цифрлық даму министрлігі мен ІІМ бірлесе отырып екінші сервисті іске қосқан. Яғни, ел бойынша ешқандай тізімге енгенген азамат дауыс беретін күні орналасқан орны бойынша сайлау учаскесінде тіркеле алады. Бұл сервисті шектеулі адамдар санына ғана лайықталған.

Семинар-кеңес соңында Константин Петров сенім білдірілген адамдар мен байқаушыларға, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне және сайлау процесінің басқа да қатысушыларына дауыс беру барысын кедергісіз бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей етіп сайлау жәшіктерін орналастыру қажеттігін тағы да атап өтті.

Бағдарламаның екінші бөлімінде аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары үшін кейс технологиясы негізінде іскерлік ойын түрінде тренинг өткізілді. Іскерлік ойын барысында комиссия мүшелерінің алған білімін бекітудің жаңа әдісі сыналды. Әдіс сайлау комиссияларының барлық мүшелерінің ұжымдық қатысуымен, сондай-ақ интерактивтілігімен сипатталды.

Суретті түсірген  
**Александр МАРЧЕНКО**

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

## Байқаушы – демократиялық сайлау кепілі

Салтанат ІЛИЯШ,  
«Орталық Қазақстан»

20 қарашада өтетін ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауында облыста 2500 тәуелсіз байқаушы болады. Оның 64-і партиялық емес байқау орталығынан болса, қалғандары облыстағы коммерциялық емес ұйымдардан, қоғамдық бірлестіктерден. Бұл туралы облыстық партиялық емес байқау орталығы мен Қарағанды қаласындағы шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушыларына, сондай-ақ шетелдік БАҚ өкілдеріне көмек көрсету орталығы бірлесе өткізген баспасөз мәслихатында белгілі болды.



– Демократиялық ұстанымдар бойынша сайлауда байқаушылардың болуы тиіс. Жалпы, бүгінгі сайлау кешегіден, ал, ертеңгі сайлау – бүгінгі сайлаудан жақсы өтуі тиіс. Сондықтан, біз де соған ұмтылуымыз керек. Өлбетте, байқаушылардың да міндетіне кіретіні – сайлау барысын бақылау. Осыдан шамамен 15 жыл бұрын өңірімізге келетін халықаралық байқаушыларға жәрдемдесу орталығын құру бастамасын көтерген болатынбыз. Олардың қатарында облысты айтпағанның өзінде, Қазақстанға алғаш келетіндері де болады. Тәжірибе олардың дәл сайлау күні келетінін көрсетті. Сондықтан, біз халықаралық байқаушылардың жұмысына жағдай жасаймыз, – дейді Қарағанды қаласындағы шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушыларына, сондай-ақ шетелдік БАҚ өкілдеріне көмек көрсету орталығының басшысы Серік Санаубаев.

Серік Мәлібекұлы сайлау күні облыста қанша халықаралық байқаушы болатыны белгісіз екенін айтады. Бірақ, орталық келген байқаушыларға көмек қолын созуға дайр.

– 2500 байқаушының ешқайсысы діни ағымның, болмаса, саяси партияның мүшелері емес. Яғни, қандай да бір партияның қызметіне мүдделі емес демократияландырылған адамдар. Олар ашықтықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңды бұзбастан, бейнесүрілім жасай алады. Бірақ, бұл ретте сайлаушының келісімінсіз оның бет-әлпетін көрсетуге тыйым салынады. Одан бөлек, байқаушының сайлаушының дербес деректері көрсетілетін тізімді түсіріп алуға құқығы жоқ, – дейді облыстық партиялық емес байқау орталығының басшысы Артем Козловский. Одан бөлек, байқаушыға сайлау

учаскесінің аумағында өзі қалағандай жүріп-тұру құқығы берілмеген.

Енді байқаушы қолында заң бұзушылықтар анықталған жағдайда толтырылатын актілер мен хаттамалар болады. Байқаушы бұл ретте бұзушылықты екі данада белгілеп, біреуін учаскелік комиссия төрағасына, екіншісін шұғыл әрекет етіп, назарға алу үшін облыстық партиялық емес байқау орталығына береді.

Орталық елімізде осымен биыл үшінші сайлауды өткізуде. Осы уақыт аралығында бюллетень беруіне байланысты ғана заң бұзушылық анықталғанын айтады Артем Валерьевич. Яғни, бюллетеньді ҚР азаматының жеке куәлігі бойынша емес, жүргізуші болмаса қызметтік куәлікке қарап берген жағдайлар орын алған. Орталық байқаушылары сайлау учаскесі ашылған сәттен бастап, бюллетень аумақтық сайлау комиссиясына жіберілгенге дейін болады. Байқаушылар өз қалаулары бойынша белгілі бір сайлау учаскесінің бюллетеньдері мен хаттамаларын облыс немесе қаланың орталық сайлау комиссиясына апаруға қатыса алады.

– Орталықтың әр байқаушысында мемлекеттік және ресми тілде рәсімделген блокнот болады. Блокнотта байқаушы үшін нормативтік-құқықтық база көрсетілген. Сонымен қатар, толтыру міндетті болып табылатын хаттамалар бар, – дейді Артем Козловский.

Сонымен қатар, блокнотта белгілі бір сайлау учаскесінде дауыс беру күні жүргізілген жұмыстардың барысы толығымен көрсетіледі. Бұл өз кезегінде әр сайлау учаскесіндегі дауыс беру ашықтығымен қатар, заңдылығын да қамтамасыз етуге септігін тигізбек.

Суретті түсірген  
**Александр МАРЧЕНКО**

## Сайлауға әзірлік ойдағыдай

Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданындағы №143, №144 сайлау учаскелерінде кезектен тыс президент сайлауына қызу дайындық жүргізілуде.

№53 мектеп-лицейінде орналасқан учаскелерге жалпы саны 4500 дауыс беру құқығы бар азамат тіркелген. Олардың бәріне үй-үйді аралап, сайлауға шақыру қағазы таратылды. Қос учаске дауыс беру кабиналарымен, жәшіктерімен жасқалған, барлығы 22 адам жұмыс жасауда. Денсаулығына байланысты учаскеге келе алмайтын адамдар мен мүмкіндігі шектеулі жандардан үйден дауыс беруге өтініш қабылданау. Сайлаушылар учаскеге күн сайын келіп президенттікке үміткерлердің өмірбаяны мен сайлау алды бағдарламасымен танысуда. Осындағы республикалық, облыстық газеттерден сайлауға әзірлік барысы

туралы оқып жан-жақты ақпарат алуа.

Сайлау учаскесінің хатшысы Айдан Шалғынбаева: – Учаскелер сайлауға сақадай сай дайын. Мектептегі сайлау комиссиясында кезекшілік атқаратын қызметкерлер телефонмен хабарласқан сайлаушылардың алдағы науқан туралы сұрақтарына күнделікті жауап береді. Ендігі міндетіміз – алдағы 20 қараша күні өтетін кезектен тыс президент сайлауын өз дәрежесінде ұйымдастырып өткізу, – дейді.

Дархан УӘЛШЕВ

ҚАРАҒАНДЫ

● БРИФИНГ

## Бала құқы: қорғау мен қолдау

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Балаларға қатысты қатыгездік пен немқұрайлылыққа қоғамның назарын аудару – ғұнның негізгі мақсаты. Және оларды зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау үшін біршама жұмыс қолға алынған.

– Балалардың құқығын қорғау мәселесі тек онкүндік науқанмен, қандай да бір жұмыспен шектеліп қалмайды. Осы бағытта конституцияда көрсетілгендей жоспарлы әрі жүйелі жұмыс атқарылуа. Облыста көмелетке толмағандардың қауіпсіздігін, құқығы мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жол картасы бекітілген. Соның негізінде оқушылар мен ата-аналар арасында құқықтық сана мен тәрбиені арттыруға бағытталған ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, – деді облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Гүлбақыт Жүнісова.

Бүгінгі таңда мамандардың, психологтар мен әлеуметтік педагогтердің бірлесуімен әдістемелік ұсыныстар мен іс-қимыл алгоритмі әзірленген. Көмелетке толмағандардың түнгі мезгілде сыртқа шығуына жол бермеу мақсатында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп түрлі профилактикалық іс-шара мен акциялар қолға алынған.

– Өмірлік қиын жағдайдағы

20 қараша – Бүкіләлемдік балалар күні. Осы мақсатта оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен облыста балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау үшін «Қатыгездіксіз балалық шақ» республикалық науқаны өтпек. Іс-шара аясында білім беру ұйымдарында балалардың құқығын қорғау бойынша сынып сағаты мен ата-аналар жиналысы, шығармашылық конкурстар пен талқылаулар өткізу жоспарланған. Сонымен қатар, «Балалардың құқықтарын қорғау» атты республикалық онкүндік өтеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте кенінен айтылды.

отбасыларды анықтау үшін білім басқармасы кен ауқымды «Қамқор» облыстық рейдіне бастамашылық жасады. Полиция департаментімен бірлесіп, көмелетке толмаған ішкі істер органдарында есепте тұрған балаларға ай сайын мониторинг жүргізіледі. Осы акция аясында өмірлік қиын жағдайға тап болған әлеуметтік және медициналық көмекке мұқтаж отбасыларды анықтау үшін рейд жүргізген болатынбыз. Соның нәтижесінде көмекке мұқтаж 26 отбасын анықтадық. Бұл бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде, – деді Гүлбақыт Серікжанқызы.

Облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары Шынар Ақпарова балалардың осы мәселесіне немқұрайлы қарамау керек екенін баса айтты.

– Біз осы мәселені кең ауқымда

көтеругіміз қажет. Қоғамның назарын аударып, мәселенің алдын алумен күресу керек. Бүгінде департаментке балаларға медициналық қызмет көрсету, білім беру бойынша алуан сұрақ түседі. Оларды қабылдап, мәселені мемлекеттік органдармен бірлесе отырып шешіп келеміз, – деді Шынар Қуанышқызы.

2022 жылдың он айында көмелетке толмаған балалар жасаған қылмыс саны 5,7%-ға көтерілген. Басым бөлігі – көмелетке толмағандардың зат ұрлауына қатысты.

– Көмелетке толмағандардың жеке басқа қатысты жасаған 15 дерегі тіркеліп, 95 жасөспірім полиция бөлімдеріне жеткізілген. Оның 85-і – мектепте, колледж бен жоғары білім беру мекемелерінде оқиды. Ал, қалған 10-ы – оқымайды. Яғни, олар мектепті тәмамдап, колледж, жоғары оқу орнына түсе алмай қалған





## • ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢДЫ ТІК

# Шабанбай бидің мүсіні қойылды



Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мыстан құйылған бюсттің биіктігі тастұғырымен есептегенде – 4,4 метр. Тұғырдың қос қапталына Жидебай батырдың биге берген бағасы мен бидің заманының заңғары Жаксы Жанқұттыға берген батасы жазылған. Бюсттің авторы – танымал мүсінші, ҚР Мәдениет қайраткері Бейбіт Мұстафин. Суретшісі – Ислам Кеңжанов. Ал, баба бейнесін алғаш қағаз бетіне түсірген алаштанушы Қайырбек Сәдуақасов. Ашылу рәсімін ұйымдастырушылардың айтуынша, осы ауылдың 1982 жылы мектеп бітірген түлектері орнатқан бюст аумағы үлкен саябаққа айналмақ.

– Сіздерді бүгінгі, Рухани жаңғыру: «Туған жер» бағдарламасы аясында ауыл азамат-

Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылында шешендігімен халықты ұйытқан, ел ішіндегі дау-шарды әділ шешкен, өз заманының қайраткері – Шабанбай би Қалқаманұлының бюсті ашылды. Ақтоғай өңіріндегі Ақсоран тауының етегін жайлаған ауыл тұрғындары бас қосып ел тұтастығы жолында өлшеусіз еңбек еткен қасиетті баба есімін тағы бір жаңғыртты.



тарының бастамашы тобының демеушілігімен бой көтерген Шабанбай би бабамыздың бюстінің ашылу салтанатымен шын жүректен құттықтаймын. Бюсттің ашылу рәсімі осы ауылдың қазығын қағып, керегесін көтеріп, уығын қадап кеткен алдыңғы буын аға-әкелеріміздің аманатына деген адалдық деп білеміз. Ауылдың іргесін сетінетпей, түтінін түзу шығару бүгінгі ұрпақтың парызы әрі борышы. Сіздер сол аға буын алдындағы парыз бен борышты адал атқарып, Шабанбай би

ауылының дәулеті мен сәулетіне тамшыдай болса да үлес қосып келесіздер. Оның айғағы бір кісідей атқарып жатқан бүгінгі іс-шара. Ақтоғай ауданы халқының атынан және өз атымынан игі іске бастама болған өр тұлғалы азаматтарға ризашылығымды білдіремін, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Салтанат Әбеуова.

Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нілдібаев, ел ағалары Қарағанды облысының Құрметті аза-

маты Сағдат Дүйсебеков, мәдениет қайраткері, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, алаштанушы Қайырбек Сәдуақасов, Шабанбай би ұрпақтары қауымдастығының президенті Ғабиден Есембеков, би мүсінін орнатуға бастама көтерген Әлімхан Ермеков атындағы мектептің 1982 жылғы түлектерінің өкілдері Серікхан Құлтаев, айтыскер ақын Қуаныш Мақсұтов Шабанбай баба жайлы тағылымды деректерге тоқталды. Біртуар тұлғалардың есімін тарихта мәңгі қалдыру бүгінгі ұрпақтың міндеті екенін атап өтті.

Алаштанушы Қайырбек Сәдуақасов Шабанбай бидің Жанқұттыға берген батасындағы

«Аллаңа жағамын десен  
– азанды бол.

Ағайынға жағам десен

– қазанды бол», –

деген сөздердің әлі күнге ауыздан ауызға тарауы оның өміршеңдігін көрсетеді деді.

Айта кетейік, Шабанбай би бабамыз туралы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов, қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев жоғары баға беріп, ғалымдар Б.Адамбаев, Н.Төреқұлов, А.Нысанбаев рухани мұраларын зерттеп, қаламгерлер Ж.Қашқынов, Қ.Байсеркин, Қ.Қалкенов, Т.Сәдуақасов, Қ.Сәдуақасов өз кітаптарында баба жайлы тың деректерді дәріптеген.

Шара соңы «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің концерттік бағдарламасына ұласты. Ұлы биге арнап Құран бағышталып, ас берілді.

Ақтоғай ауданы



Балалар  
жылы  
2022

## Екі мектепке – екі автобус



Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Автобустардың кілтін мектеп директорларына аудан әкімі Ерлан Бейсембайұлы салтанатты түрде табыстап, балаларға ажол тіледі. Бұған дейін ауданға қарасты Тегіспілдік ауылдық округінің мектебіне осындай автобус беріліп, манайдағы ауыл балаларының мектепке алаңсыз баруына жағдай жасалған еді. Енді Нұркен және Бүркітті ауылдарының жанындағы Жекежал, Ақшоқы және Талды елді мекендерінде тұратын оқушылар барлық талапқа сай жабдықталған жаңа автобустармен қатынайтын болды. Бұл автобустармен балалар мектепке ғана емес, аудан, облыс көлемінде жыл бойы өткізілетін түрлі жарыстар мен білім сайыстарына, ғылыми жобаларға бара алады.

Бүркітті ауылындағы орта мек-

теп директоры Әсемгүл Абуғалиева:

– Талды ауылының оқушыларын округ орталығына бұған дейін ПАЗ маркалы ескілеу автобуспен алып келіп, апаратынбыз. Енді міне, заманауи көлік берілді. Автобус берген тиісті орындардың басшыларына мектеп директоры ретінде барша ұстаздар мен ата-аналар қауымының атынан алғыс айтамын. Мектеп оқушыларының саны жыл санап артып келеді, шағын орталықтың өзінде 68 бала бар. Мектеп автобусымен қатынайтын 24 оқушы бар. Мектебімізді күрделі жөндеуден өткізу қажет, сол іс қолға алынса әрі автобус қоятын жылы орын қарастырылып салынса нұр үстіне нұр болар еді.

Қарқаралы ауданы

## Жылу радиаторлары шығарылады



(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоба жетекшісі Нұрсұлтан Жұмабектің айтуынша, зауыт 2022-2024 жылдар аралығында бой көтереді. Қазіргі таңда жерге қатысты жұмыстар басталған. Яғни, зауыт салудың алғашқы қадамы жасалған. Жобаға сәйкес зауыт құрылысы үш кезеңнен тұрады. Оның бірінші кезеңі 2024 жылға межеленген екен. Бұйырғаса, 2024 жылдың ақпанында зауыт ашылады деген жоспар бар. Одан кейінгі екі кезеңде зауыттың қуатын арттыруға негізделген өндірісті ұлғайту көзделеді. Олар да кезең-кезеңімен қосылмақ.

– Жобаның құны 17 млрд. 710 млн. теңге шамасында. Бірінші кезеңде «V Manegment» компаниясының қаражаты 1,7 млрд. теңге болса, 14,1 млрд. теңге несие. Оның белгілі бір пайызы «Даму» қоры арқылы субсидияланады. Жобаның өзін-өзі ақтау мерзімі – 6 жыл. Жоба іске қосылғанда 183 адам жұмысқа алынады. Қуаттылығы – бірінші кезеңде жылына

3,3 млн. секция, – дейді Нұрсұлтан Жұмабек. Компания басшысы бірінші кезекте әкімшілік-тұрмыстық кешен, өндіріс, инженерлік жүйелер салынатынын айтады. Зауыт жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтитын болады.

Мұндағы алюминий және биометалл радиаторлар шығару өндірісі бірнеше циклды. Яғни, алюминийді балқытып, құюдан бастап, жинап, бояп, қаптап шығаруға дейінгі барлық өндіріс зауытта жүзеге асады. Қысыммен құю технологиясы қолданылады.

– Утилизацияға түскен көліктердегі алюминийді қайта қорытып, балқыту арқылы радиатор құйылады. Одан соң жинақталып, боялып, қапталып, нарыққа шығарғанға дейінгі процестің бәрі зауыт ішінде атқарылады, – дейді компания басшысы.

Осылайша, өндірістегі өнім шығару бірнеше сатыны қамтиды. Ең алдымен алюминий сынықтары, қалдықтары қайта қорытылып, қысыммен құйылады. Одан кейін ол радиаторлар механикалық желі

секциясында жиналады. Содан кейін боялып, сынақтан өтеді. Үш кезең толық іске асқанда жылына 8 млн. секция радиатор нарыққа шығады.

Жоба экономикаға шикізаттық емес экспортты дамытуға үлес қосуды дйттейді. Сол арқылы елдің өнеркәсіп әлеуетінде жаңа кластер құруды мақсат етеді.

Компания басшылығының мәлімдеуінше, зауыттың «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында алған ауқымы – 6 гектар. Зауыттың үш кезеңінде де құрылыс жұмысына тартылатын адам саны жүзге жуық.

– Зауыт жұмысына негізінен жергілікті тұрғындар тартылады. Зауыт тарапынан оқытып, маманды дайындауға ден қоямыз. Кей мамандар үйрету үшін Ресейден келеді, – дейді Нұрсұлтан Жұмабек.

Жалпы қазір алюминий радиаторлар жылу жүйесінде кеңінен қолданылып жүр. Бұлардың өзге радиаторларға қарағанда бірқатар артықшылығы баршылық. Айталық, ең бірінші, оның құны. Алюминий радиаторлар басқаларға қарағанда бағасы жағынан сәл арзандау түсетіні жасырын емес. Сонымен қатар, жылу бөлуде де өзгелерден озық. Оған қоса, салмағы жеңіл. Деректерге сүйенсек, оның бір секциясының салмағы 1,5 кг көлемінде. Соның өзінде 15 секциялы ұзын батарея бар-жоғы 15 келі болады. Бұл өз кезегінде тасымалдау мен монтаждауда қиындық тудырмайды.

Ал, радиатордағы ыстық судың градусын 130 градусқа дейін көтеруге мүмкіндік береді.

Алюминийдің жылу өткізгіштігі өте жоғары. Бір секцияның 150-200 Вт жылу энергиясын өткізе алатын мүмкіндігі бар екен. Сонымен бірге, эстетикалық сыртқы бейнесі, сапалы боялуы да бұлардың бәсін жоғары қылатын бір кілт.

## Оңалтуға оң қадам



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұнда аудан аумағындағы 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттілігі бар – көру, есту қабілеті бұзылған, сөйлеу тілі мен психикалық дамуы тежелген, тірек-қимыл аппаратының қызметі бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетіледі.

– Орталық дамуында проблема бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу қызметін көрсетеді. Түзету кабинетіне балаларды қабылдау «Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес» мекемесінің қорытындысы бойынша ата-аналардың келісімімен жүзеге асады. Орталықта білімді мамандар әр баланың жағдайын ескере отырып, «Малахит» автоматтандырылған бағдарламасы арқылы арнайы сабақтар жүргізеді, – дейді, №4 психологиялық-педагогикалық түзету орталығының директоры Айдарбек Нұржанов.

Елімізде ерекше балаларды қолдау 40%-ды қамтыды. Өткен жылы бұл топтағы 30 мың балаға қызмет көрсетілсе, биыл 50 мыңнан асты.

– Жалпы балада байқалатын ауытқулардың негізгі себебі ата-ананың әлеуметтік жай-күйіне тікелей байланысты. Тек 30% ғана тұқымқұлаушылықтан

туындауы мүмкін. Ата-ананың зиянды әрекеттерге әуес болуы, отбасындағы ұрыс-керіс, түрлі вирустар мен инфекцияларды жұқтыру сау ұрпақтың дүниеге келуіне басты кедергі десе болады. Сонымен қатар, ата-ананың баланы бақылауда ұстамауында. Бала таңнан қара кешке дейін гаджетте отырады. Қарым-қатынас пен сөйлесуден қалады. Өз әлемімен әлек болып отырады. Елімізде жыл сайын бұл санаттағы балалар санының артуы қоғамда алаңдаушылық тудырып отыр. Әрі олардың барлығы орталықтар орналасқан жерден қашық жатыр. Алыс елді мекендердегі балаларды қамту мүмкін емес, – дейді логопед Индира Мағауина.

Мемлекет тарапынан да ерекше қажеттіліктері бар адамдар мен қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларын қолдау шарасын ұйымдастыру қолға алынды. Оларға медициналық, әлеуметтік қолдаумен қатар, дамуына да ерекше көңіл бөлінуде. Бүгінде елімізде 460 арнайы білім беру ұйымдары жұмыс жасаса, аймақта олардың саны –18. Олар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері және оңалту орталықтары ретінде жұмыс жасайды. Қызмет көрсету ауқымы – 90%-дан жоғары.

Ауданда түзету кабинеті ашылғаннан бері дамуында проблемасы бар 74 балаға әлеуметтік оңалту

және бейімдеу қызметін көрсетіп жүр. Жеке дамыту бағдарламасына орай, түзете-дамыту қызметін көрсету жас ерекшелігіне байланысты 35-45 минут ұзақтығымен аптасына екі рет жеке дамытушы, шағын топтық және топтық сабақтары жүргізіледі. Мекемеде 12 қызметкер жұмыс жасайды. Олар дефектолог, логопед, педагог-психолог, емдік дене тәрбиесі бойынша нұсқаушы мамандар. Кабинеттер арнайы құралдармен жабдықталған.

– Балам Назираны бұл мекемеге әкеліп жүргеніме бір жылдан асты. Аптасына екі рет барамыз, сабақтан қалған емеспіз. Менің балам аса кісі жақтыра қоймайтын, тұйық бала болды. Бұл жерге келелі мұғалімдермен араласып, сөйлесіп, дұрыс қарым-қатынас орнатты. Сурет салуды жақсы көреді. Мекеме директорынан бастап, сабақ беретін ұстаздарының көзқарастары дұрыс, үнемі қамқорлық танытып жүреді, – деп ризашылығын білдірді анасы Нұргүл Исина.

Ата-ана үшін баласының ерекше қажеттілікке мұқтаж болғандығы ауыр соққы, тіптен алғашында мойындамайтын жағдайлар да кездеседі. Ерекше қажеттілікке зәру балаларды тәрбиелеу, оқытудың машақаты өз алдына. Десек те, бала бойындағы өзгерістерді дер кезінде анықтауға, нақты диагноздың қойылуына мән беру басты мәселе.

Қарқаралы ауданы



● МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ШАЙМЕРДЕН ОРАЗАЛИНОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шындығында, біздің санамызға «әкім – билік жүргізуші, билеп-төстеуші» деген түсінік сіңіп кеткен. Шаймерден Әбілмәжінұлы – осындай қатып қалған қағиданы бұзып-жарушы. Алыстап кеткен билік пен халықтың арасын жақындатушы халықтың арасынан шыққан бірегей тұлға. Нағыз әкім, халықтың қызметшісі бола білген арда азамат. Елдің камын ойлаушы, тұрғындардың ішкі жан-дүниесін түсініп, жұртшылықты жақсы көретін жанашыр әрі өте сауатты азамат еді. Мұны біз Шаймерден Әбілмәжінұлының қамқорлығын көрген, тәлімін алған үзегілес бауыры, мемлекеттік қызмет ардагері Ниханбай Омархановтың мына пікірінен анық аңғарамыз.

– Шаймерден Оразалинов – нағыз еңбек адамының үлгісі. Ең киын кезеңде Қарағанды қаласының әкімі болды. Ол кездері жылу, су, тоқ жоқ. Жарық та бірде бар, бірде жоқ. Жігі тікелей эфирге шығатын. Қарағандының басындағы телеарнадан. Одан қала берді, ел жұмыс телефонына қонырау соғып, арыз-ұсынысын айтады. Қала аудандарын аралайды. Егер, бір кездесуде «15 ықшамауданындағы 5 үйдің жертелесіндегі суық су желісін жанарту керек. Сол сірә, бітпей қойды» десе, ол кісі: «Мен ол үйдің жағдайынан хабарым бар. Суық судың желісін толық ауыстыру керек. Қажетті материалдарын алып қойдық, жөндейміз» деп, елдің аузындағы кез келген проблеманы жулып алып отыратын. Өйткені, қаладағы қай үйдің жертелесін құрғақ, қайсысында су жатыр, бәрін біліп отыратын. Айтқан сөзін, көп ұзамай орындайды. Жеке өзі қадағалайды. Аяғына резеңке етік киіп алып, тұрғын үйлердің жертелесін аралап жүретін. Оны қала халқы, көзкөргендер біледі. Өте қарапайым әрі бауырмал еді. Бұдан бөлек, айрықша айта кетерлігі, өз халқын ерекше жақсы көретін басшы еді. Сол асыл қасиеттері үшін оның алдында бас иіп, құрмет тұттық. Өз ісінің кәнігі шебері болып, Қарағандының «отымен кіріп, күлімен шықты» сол кездері. «Басымын» деп кезде кермейтіндігі және басқа да көптеген адамгершілік биік мұраттарға ұмтылуы бізге үлгі-өнеге болды. Совхоз директоры ретінде кабинетіне 2 рет кірдім. Екеуінде де, сұраған көмегімді беріп, арқамнан қағып шығарып салды. Беттен қақпай, қамқорлық қылатын, соңына ерген бауырларына. Ауылдың жағдайына да қатты алаңдады, азаматтықтан аттаған емес. Байлық, мансап қуған жоқ. Кейін де той-жиында кездескенде құшақтап, бауырына басатын. Ондай адамдар кәзір өте аз... Оттан да, судан да, бейнеттен де қаймықпай, елі үшін адал қызмет еткен арда азамат. Өттен, ғұмыры қысқа болды. Тірі болғанда 17 қарашада 80 жасқа толар еді. Оның асыл бейнесі – мәңгі менің жүрегімде. Сондай ағаларымды, ұстаз бола білген ардақтыларымды сағынамын, шыны керек. Кейінгі жас буында сол кісінің өмірін үлгі етуге әбден болады, – дейді Ниханбай Иманғалиұлы.

Ш.Оразалиновтің өмір жолына көз жүгіртсек, мамандығына адалдығы мен алғырлығы бірден байқалады. Ол 1942 жылы

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала» әлеуметтік-этикалық трактаттар кітабындағы «Бақыт жолын сілтеу» атты көлемді трактатында: «Қаланың тұрғындары бақытты болуы үшін, қаланың басшысы – білімді, адал, бірегей өмірлік мұраты бар тұлға болуы керек» дегенді алға тартады. Қаланы әр мүшесі үйлесімді жұмыс істейтін адам ағзасына теңейді. Бақыт пен кемелдікке жету үшін ынтымактасу мен бірігуге шақырады. Жеке адамның бақыты – қоғаммен бірге екенін айтады. Ол үшін көркем мінезді болуға, бірігуге үйдейді. Дәл осы Фараби бабамыз айтқандай, терең білімді, адал, бірегей өмірлік мұратқа құлаш сермеген, көркем мінезді әрі елін ерекше сүйген, елі де құрметтеген бірегей тұлға – Қарағанды қаласының Тәуелсіздіктен кейінгі алғашқы әкімі, техника ғылымдарының кандидаты, мемлекет және қоғам қайраткері Шаймерден Әбілмәжінұлы Оразалинов еді.

# Елін сүйген еңселі ер

17 қарашада Петропавл қаласында туған. Қарағанды политехникалық институтының 1965 жылғы түлегі. Еңбек жолын сырттай оқи жүріп, 1960 жылы «Қарағандыкөмірбайыту» тресінің «Қарағанды» орталық байыту фабрикасында моторист болып бастаған. 1962-1965 жылдар аралығында Қарағанды политехникалық институтында күндізгі бөлімінде білім алған.

1966 жылы еңбекқорлығы мен ізденімпаздығының арқасында «Қарағандыкөмірбайыту» тресінің №38 байыту фабрикасында ауысым бастығы лауазымына тағайындалады.

1967 жылы жанармай қазбалар институтының Қарағанды филиалы жетекшісі, 1970 жылы берік жанармай байыту институтының Қарағанды филиалының аға ғылыми қызметкері, 1972 жылы ғылыми-зерттеу және жоба-конструкторлық көмір институтының аға ғылыми қызметкері болып адал еңбек етеді. Ізденісін бір сәт те тоқтатпай, 1975 жылы Техника ғылымдарының кандидаты атанған. 1975 жылы наурыз айынан «Байтам» байыту фабрикасының бас инженері, 1975 жылы қазан айынан «Саран» топтық байыту фабрикасының бас инженері, 1981 жылы «Қарағанды» ОБФ директоры болып жемісті жұмыс істейді.

Ал, 1984 жылдың шілде айынан 1987 жылдың шілде айына дейін Октябрь аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы, 1987-1997 жылдары Қарағанды қалалық атқару комитетінің төрағасы, қала әкімі болып халқымен етене араласа жүріп, еңбек етіп, есімін ел тарихына, халқының жүрегіне мәңгі жазды.

1997-1999 жылдарда облыс әкімінің кеңесшісі, тәртіптік кеңес төрағасы болып, өз тәжірибесін жастардың, кейінгі буынның бойына сіңіруге күш салды. Арқа жұртының, сүйікті Қарағандысының сенімін арқалап, 1999-2007 жылдары ҚР Парламенті Мәжілісінің ІІ, ІІІ шақырылымдарының депутаты болып, өзекті мәселелерді шешті.

– Арқа жұрты ғана емес, бүкіл Қазақстан жақсы білетін, құрмет тұтатын атпал азамат болатын. Ғибратты ғұмырын елдің өркендеуі мен дамуына, Тәуелсіз жас мемлекеттің алдында тұрған күрделі міндеттер мен келелі мақсаттардың жүзеге асуына жұмсаған парасат-пайымы биік жанның орны ойсырап тұрғанына да үш жылдан асыпты. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін жарқын тұлғалар болады. Біздің Шәкең сол саптан еді. Сондай-ақ, ол Еңбек кодексі, Экология кодексін жазуға белсене қатысқан. Сонау 2006 жылдың 20 қыркүйегінде Шахтинскідегі Ленин атындағы шахтада жарылыс болып, 41 кеншінің өмірі қиылғанда Парламент Мәжілісінің депутаты Шаймерден Оразалиновтің «Үкімет Миттал алдында неге дөрменсіз?» деп депутаттық сауал жолдап, Лакшми Митталды жауапқа тартуды сұрағанын көпшілік біле бермейді. Ал, білетіндер жақында Ленин шахтасында тағы да жарылыс болып, бес адамды мерт еткенде осындай депутаттық сауалды кім жолдар екен деп, Парламент жаққа жалтақтағаны да рас. Сол жылы Лакшми Миттал тәрізді

әлемдік нарықтағы алпауыт иелік еткелі Қарағанды шахталарында 6 мыңдай апат орын алғаны айтылса, одан бергі 16 жылда тағы қаншама жарылыстың шахтер өмірін алып кеткені бір Аллаға ғана аян, – дейді Қазақстанның Құрметті журналисі Сағат Батырхан.

Елі үшін туған еңселі ер құрметті зейнет демалысына шыққаннан кейін де өзінің еңбек жолын жалғастырды. Соңғы қызмет орны Қазақстан электрэнергетикалық қауымдастығы төрағасы лауазымы болды.

Шаймерден Оразалиновтің еңбегі мемлекет тарапынан лайықты деңгейде бағаланып, «Парасат» (2004), «Құрмет Белгісі» (1981) ордендерімен марапатталған. Қарағанды қаласының Құрметті азаматы (1998). Бұдан бөлек, көптеген мерейтойлық медальдің иегері.

– Шаймерден Оразалиновке азаматтық, тектілік, қайраткерлік қанымен келгені анық. Арқаның қасиетті топырағында жастайынан білім-ғылым қуып өскен азамат, ержеткен соң соны тынымсыз еңбекпен ұштастырды. Сондықтан, ағамызды кешегі ұлылардың жолын жалғастырушы деуге әбден болады. Біз кейде тарихқа қатты сіңіп кетіп, көз алдымызда жүрген азаматтарды бағаламаймыз. Шаймерден Әбілмәжінұлын көзі тірісінде де елі сыйлады, ардақтады. Парламент Мәжілісіне депутат етіп сайлады. Ағамыз да сол халқының сенімін ақтап, адал қызмет етті. Зор дауыс сонау Қараөткелден Қарағандыға, бүкіл Қазақияға жетіп отыратын. Өте сауатты әрі жоғары мәдениетті адам болған. Бір білетінім – Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Мәжіліс депутаты болып жүргенде ҚР «Тұрғын үй қатынастары» туралы Заңның жобасын әзірлеуге басшылық етті. Осы Заңның қабылдануында бірден-бір бастамашы болды. Негізін қалады. Ол үшін қандай білім керек, пайымдап көріңіз. Мұндай кең жүректі, патриот адам кімге қарап, бой түзеді? десеніз, Қарағанды қалалық Халық депутаттары кеңесінің төрағасы болып ұзақ жылдар қызмет атқарған Нарманбет Төлепов сынды біртуар тұлғаны айтар едім. Сондай бірегей қайраткерлерден тәлім алып, жолымен жүрген адам жаман бола ма? Жоқ, әрине. Сондықтан, мен Шаймерден ағамыздың қайраткерлік, азаматтық болмысын өте жоғары бағалаймын. Нағыз халқының қызметшісі болған әкім, – дейді ішкі істер саласының ардагері Сәлижан Садықов.

Көзкөргендер Шаймерден Әбілмәжінұлының тұрғын үй қатынастары жөнінде заң редакциясын әзірлеуден бұрын бұл саланың қыр-сырын тәжірибе жүзінде жетік білгенін айтады. Өйткені, бұл саланы жөнді меңгермеген адам қалай әкім болады және қалай заң жазады? Кеңсесінде отырып-ақ, қызметкерлерін шақырып: «Мына ықшамаудандағы мына үйдің кіреберісіндегі терезе сыныған, соны ауыстырындар. Жел улеп, тұрғындарға ыңғайсыздық туғызбасын» дейді екен. Осыдан-ақ, оның қала тұрғындарының өміріне қалай алаңдағанын аңғара беріңіз.

– Шаймерден Әбілмәжінұлы қиындығы

мен қарбаласы мол тоқсаныншы жылдары Қарағандының басшысы болып тағайындалды. Қаланың коммуналдық жүйесі, жолдары, жалпы барша шаруашылығы қатты қожырап, тегеуріні мықты басшыға зәру болып тұрған кез еді. Шаймерден ағамен 1995 жылы мамыр айында Үкіметтік делегация құрамында Қазақстанның Өзбекстандағы он күндігіне барғанда жақынырақ таныстым. Ташкент, Бұқара, Науан, Кенимех, Зарафшанды араладық. Жұртшылықпен кездесу өткізіп, өндіріс орындарын көрдік. Өзбекстанның қала, аудан хокимдері майда сөйлейді. Ал, Шәкең батыл сөйлеп, батырып

айтатын адам. Қос жанарын көзіне тура қадап, барлап алады. Түрлі келіссөздерде хокимдерді мысы басып тұратын. Дегенмен, ол кісі де дипломатияны түсінетін. Екі ел аралық кездесулерде өзін лайықты ұстады. Сонда жүргенде Қарағанды қаласының шаруашылығын беске білетіндігін, күні-түні ұйықтамай жұмыс істейтіндігін аңғардым. Зайырлы кездесулердегі зиялы қауымның мамыражай әңгімесінен жалығып кетеді екен. Сондайда: «Менде мұнда не істеп жүрмін, Қарағандым не болып жатыр екен, тұрғындар қиналып қалмады ма? Мынадай қидырыс маған ұнамайды. Қалама қайтуым керек. Жағдайларын біле алмай отырмын» деп өзін қоярға жер таппайтын. Ол кезде жедел байланыса қоюға қазіргідей қалтафон жоқ. Қарағандымен байланыса алмай мазасыз күй кешіп жүрді. Бір-екі рет «Мен Қарағандыны кім көрінгенге беріп қоя алмаймын!» деп ұйқысынан шошып оянганын да көрдім. Қала мәрі болып келген кезде қазақшасы әлсіздеу болса да, кейін жетілдіріп, таза сөйлеп кетті. Бұл да үлгі алуға тұрарлық қыры. Өрине, кемшіліксіз адам болмайды. Ол шақта басшылыққа қойылар талаптардың жаңа стандарттары енді қалыптасып жатқан кез. Негізгі басшы алуан түрлі мүдделері бар адамдардың басын біріктіріп, алдына келген түрлі адамдармен тіл табыса алуы тиіс. Меніңше, Шәкеңнің қолынан осы келді. Елді өліара кезеңнен алып шығуға оның сіңірген еңбегі едәуір болды деп ойлаймын. Басшылыққа дер кезінде келіп, өз қабілетін көрсете білген жанашыр әкім болды. Ауыр жұмыс, жоғары жауапкершілік денсаулығына, жүйкесіне салмақ түсірді. Шәкеңдей өткір сөйлейтін депутат бірен-саран ғана еді, – деп еске алады заң ғылымдарының кандидаты, Е.Бөкетов атындағы ҚарУ профессоры Болат Сыздық.

Ел аузынан естіген мына бер естелік бізді қатты таң қалдырды. Қала әкімі болған жылдары қордаланған мәселелерді шешу үшін Шаймерден Әбілмәжінұлы елді аралап, жиын өткізеді. Ол кездері қазіргідей микрофондар сыңғырлап тұрған жоқ. Көбіне өз дауысымен айқайлап сөйлейді. Осылай «Елім!» деп еңіреп еңбек ете жүріп, «дауысым елге жетсін» деп айқайлап сөйлеп, дауысын да құртып алған екен. Бұл сөздің ақиқат екендігіне ғаламторда сақталған бейнежазбаларын қарап отырып көз жеткіздік. Әкім болсаң, Шаймерден ағандай әділ бол!

Осындай жоғары деңгейдегі мемлекет қызметшісі, батыл, тапқыр, талапшыл, іскер басшының бөлек болмысы, азаматтық келбеті ел жадынан мәңгі өшпесі ақиқат. Керісінше, күн өткен сайын асқақ та биік тұлғасы жарқырай түсеріне сенім мол. Десек те, сөзден гөрі істі ұнатқан, халқының тағдырына «өз тағдырым» деп қараған Шаймерден Оразалиновтің атына өзі аянбай тер төгіп, жанындай жақсы көрген Қарағанды қаласынан бір мектепке немесе бір көшеге есімін берсе, рухына көрсетілген тағзым болар еді. Мұны кеншілер шаһарының тұрғындарының қолдайтыны тағы да анық!

Құр мақтағаннан түк шықпайды. Енде-ше, ойланайық...

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

## Жырға арналған жол жайы

Қарағанды облысына жұмыс сапары кезінде Мемлекет басшысы Қарағанды-Балқаш, Балқаш-Бұрылбайтал автожолында жүріп жатқан жөндеу жұмыстарын аяқтауды тапсырған болатын. Бұл мәселе бүгінде қалай шешіліп жатыр? Жұмыс қашан аяқталады? ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің баспасөз қызметі жөнделіп жатқан жолдың жайын жариялады.

«Қазіргі таңда Қарағанды-Балқаш тас жолында ұзындығы 363 шақырымға жететін 8 жол учаскесінде жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аталған жол құрылысы басталғаннан бері негізгі жоғарғы қабаттың 291 шақырымы, төменгі қабаттың 245 шақырымы және жол жабынының жоғарғы қабатының 7 шақырымына асфальт төселді. Асфальтбетон жабынының жаңа қабатымен жол қозғалысы 277 шақырымға қамтамасыз етіліп, жылдың соңына дейін қосымша 10 шақырым автожолды ашу жоспарланып отыр», – деп хабарлады министрліктің баспасөз қызметі.

Сондай-ақ, жол учаскелерінде жалпы ұзындығы 8 шақырым болатын 16 айналма жол қарастырылған. Жыл соңына дейін тиісті жұмыстарды аяқтап, жаңа жол жабынына байланысты қозғалыс үдерісін 13 айналма жолға ауыстыру көзделген. Қалғандарында жол қозғалысы қамтамасыз етіледі. Министрлік мәліметінше, осы автожолды қайта жанарту бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары 2023 жылдың соңына қарай аяқталады.

«Балқаш-Бұрылбайтал автомобиль жолының учаскесінде жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмыстарына тоқталсақ, жобаға сәйкес мұнда 288 шақырымның 6 учаскесінде жол жабынын төсеу жүргізіліп жатыр. Жаңа асфальтбетонмен жол қозғалысы 161 шақырым жерге қамтамасыз етілген. Бұл жоба 2023 жылдың соңына дейін аяқталуы тиіс», – делінген ақпаратта.

Жезқазған-Қарағанды автомобиль жолы бойынша бүгінде 513 шақырымға жобалық-ізвестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жоба 12 учаскеге бөлінген. Жобалау-сметалық құжаттама 2023 жылы аяқталмақ. Құжаттаманың дайын болуына байланысты тиісті жұмыстар кезең-кезеңмен басталады.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жалпы ұзындығы 200 шақырымға (17-217 шақырым) жететін Қарағанды-Қарқаралы автожолын жөндеуді тапсырды. «Бытырлдан бері ұзындығы 18 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізілді. Ал, келесі жылы республикалық бюджет есебінен ұзындығы 75 шақырым жол учаскелерінде орташа жөндеу жүргізу жоспарланып отыр. Қалған учаскелері 2024 жылы жөнделеді», – делінген ведомствоның баспасөз қызметінде.

Өз тілшімізден

● БӘРЕКЕЛДІ!

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ашылғанына небәрі екі айдан астам уақыт болған Сәкен Майғазиевтің SMart өнер мектебінің шәкірттері үлкен сахнаны бағындырып үлгерді. Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен Open Asia Халықаралық байқауынан жүлдемен оралды. Сырт елден жүлде алған бүлдіршіндерді мектеп ұстаздары мен ата-аналар Қарағанды вокалынан қарсы алды.

– Көңіл күйімді жеткізе алмаймын. Ашылғанымызға шамалы уақыт болса да шәкірттеріміз жетістікке жетіп отыр. Сахнаға шығып көрмеген балалар үшін бұл үлкен жетістік. Қарсыластар да осал емес.



Бәрі бірінен-бірі өтеді. Алайда, балалардың жеңіске берген сенімі мол болды. Қазылар алқасының құрамында қазақ, орыс тілін түсінбейтін шетелдіктер отырғанын көргенімде қатты қорыққаным рас. Алайда, олар өнерді шын бағалайтын жандар екен, – деп әсерімен бөлісті мектеп директоры Айдана Есжанова.

5-17 жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған байқауда SMart өнер мектебінің шәкірттері 3 аталым бойынша бақ сынаған. Эстрадалық вокал және жетіген шерту аталымында өнер көрсеткен Кәусар Шорман байқаудың қос жүлдесін еншіледі. Әр аталым жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген. Ол 7-9 жас аралығындағы эстрадалық вокал байқауына қатысып, Сағым Бейбітшілікқызының «Ауылымды сағындым» әнімен – ІІ орын, жетіген шертуден – ІІІ орын иеленген. – Қызым 3 жасынан бастап ән айтады.

Суретті түсірген  
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК





## ● ЖОЛЖАЗБА

Балқаш қалалық Ардагерлер кеңесінің демеушілігімен бір топ зейнеткер ер түріктің бесігі, киелі Түркістанға сапарлады. Көптің табаны тие бермейтін қасиетті жерден делегация ерекше серпіліп қайты.

Танымға толы экспедиция сахаба Ұкаша ата құдығынан бастау алды. Аға буын алдымен дұға бағыштау рәсіміне қатысып, киес тұнған, аңыз-әфсаналарға толы құдықтан су алды.

Жобамен 25 метр тереңдіктегі құдыққа қауға тастап су алу екінің бірінің еншісіне жазылмаған екен. Үлкендерден естіген аңызға сенсек, біреулер құдыққа келіп, шелекті толтыра су алып қуанып қайтады. Енді бірі шелекті қайта-қайта тастап суға толтыра алмаған күйі таңданып немесе қанша ықтияттап тастағанымен даңғырап бос шыққан шелекке қапа болып ренжіп қайтады деседі.

Әйтеуір он сегіз мың ғаламды жаратқан Жаратушының күдіретінде шек бар ма?! Бұл жерде де бір тылсым күштің, құпияның жасырылғаны сөзсіз.

Құдықтан су алуға ниеттенген елдің қарасы қалың болады екен. Сондықтан, балқаштық ардагерлерді күтіп алған гид мамандар сапарды осы жерден бастауға кеңес берді.

Іштей бырымдап, денге саулық сұраған үлкендер мөлдір судан дәм татқан соң тау бөктерінде тұрып тарихтан білгені, оқығаны жайлы әңгіме өрбітті.

Бір әттегені, туристер жыл бойы ағылып жататын құдықтың маңайы жұпыны көрінді. Және осы тұста садақаға жиналған қаражаттың есебін кім жүргізеді екен деген сауал туындасын кеп...

— Еліміз туризм саласын дамытуға мүдделі. Укаша ата құдығы да — түрлі облыстардан, тіпті, шетелден көптеген туристер келетін орын ғой. Сондықтан, құдықтың маңайын әдемілеп безендірсе, келген меймандарға қолайлы жағдай жасалса, жарасып-ақ кетер еді. Бұл, әрине, менің жеке пікірім, — дейді балқаштық ардагер Дәкен Шайкенқызы.

Балқаштық топ құрамы Укаша атаның кесенесіне де ат басын бұрып, әйгілі сахаба рухына құран бағыштады.

Бұдан кейін киелі Түркістанға сапар Қожа Ахмет Яссауи мемориалдық кешенінде жалғасты. Кешен аумағы үлкен және ерекше абаттандырылған екен.

Тарих беттеріне үңілсеңіз, со-

# Түркістан төрінде



пылық дінін уағыздаушы Қожа Яссауидің хикметтері бүкіл түркі әлеміне белгілі. Ол жақсылыққа, азды қанағат қылуға шақырып, жалған ақпар мен екі жүзділікті сынға алған.

XIV ғасырда салынған осынау бірігей сәулет ғимараты саналатын кесене Әмір Темірдің бұйрығы бойынша тұрғызылған. Әлемнің 27 мемлекетін жаулап алып, өз империясын құрған тұлғаның Қожа Ахмет Яссауиді ерекше пір тұтуының себебі — ол әулие хикметтерін оқыған және билеуші олардың көмегімен жеңіске жеткен деседі.

Ардагерлер осы мазмұндағы ақпаратпен таныса жүріп, ұлы тұлғалардың рух-шәрібіне құран бағыштады. Кешен аумағында естелік суретке түсті.

Кесене ішінде мешіт, кітапхана, екі сарай залы, сағана, тұрғын бөлмелер, асхана, орталық зал — қазандық, құдықхана бар. Үймереттің оңтүстік жағындағы кіреберісінде — арқа ойығы орналасқан. Оның екі жағына минареттер тұрғызылған.

Тарихқа тағы бір шегініс жасалық. 600 жыл бойы кесенедегі кіші сарайдың ғимаратында ең құрметті кісілер жерленген, ал үлкен сарайда жиын өткізіліп тұрған, онда хан тағы және «асаймұса» бар.

Ғимараттың алдыңғы жағында геометриялық және өсімдік сипатындағы ою-өрнектер салынған. Кесененің іші және сырты жазулармен әсемделген. Яғни, қасиетті Құран-кәрімнің 59, 60, 61, 62 және 63 сүрелері жазылған. Солтүстік порталдың алдыңғы жағында жүлдіздарға ұқсас 5 сегіз бұрышты



өрнек бейнеленген. Сондай-ақ, кесенедіе ту сақтаулы тұр. Ұзындығы — 96, 7 см., салмағы 5 келі екен. Ту бетінде «Ең данқты сұлтан, патша, данышпан, билеуші, Әмір Темір» деп жазылған.

Кесене алдында Есім ханның мазары орналасқан.

Ардагерлер қауымы көне шаһар, тарихы терең Отырар қаласының орнын көріп, Арыстан баб кесенесіне де бас сұқты. Ұлы тұлғаның рухына құран бағыштады. Кесенедіе мешіт, құран оқитын жеке бөлмелер бар екен.

Арыстан баб Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың ұстазы саналады.

Ал, Арыс өзенінің Сырдарияға құяр тұсында орналасқан Отырар қаласы — тарихта Тұрарбанд,

Тұрар, Тарбанд, Фараб атауларымен белгілі.

Қаланың орнында қазба жұмыстары көптеп жүргізілгені көрініп тұр. Отырарда аса бай кітапхана болған деген сөз бар. Оны оқып тауысқан ғұлама әл-Фараби керуенге ілесіп, Шаш, Самарқан, Бұхара, Бағдад сияқты мұсылман әлеміндегі ірі шаһарларға білім іздеп жол тартқан.

Бұл жерде кәдімгі өндіріс алаңы — қаланың бестен төртіндей бөлігін алып жатқан қарапайым халық пен қолөнершілер тұрағы, су құбырлары, кәріз желілер болғаны аңғарылады. Өттегені, ақын Мұхтар Шахановтың сөзімен айт-

сақ, «Ақыл-ойын жалындатқан, өнер, ғылым шамын жаққан, ұлы қала Азияның маңдайына сыймады».

Ардагерлер қауымы Түркістан іргесінде орналасқан Гауһар ана кесенесіне де (XII-XIV ғғ.) зиярат қылды.

Гауһар ана — шайыр, ойшыл Қожа Ахмет Яссауидің қызы. Ол жайлы аңыз-әңгімелерге сүйенсек, әулие анамыздың емшілік қасиеті ерекше жан болған. Әлі күнге дейін ана кесенесінің маңында емдік қасиеттері бар артезиан суы шығатын құдықтар көптеп кездеседі. Сапар барысында бір құдықтың суынан дәм тату бізге де бұйырды.

«Қазақстанның жалпыұлттық

қасиетті нысандары» кітабынан алынған деректерге көз жүгіртсек, Гауһар ананың ақылы көркіне сай ерекше жан болған-дүр. О кісінің қашан қайтыс болғаны жөнінде нақты мәлімет жоқ, тек 1122-1124 жылдары туып, шамамен 1187-1197 жылдары дүниеден озған деген жорамал бар.

«Әзірет Сұлтан» кесенесінде ұзақ жылдар мұражай директоры болған О.Дастанов ақсақалдың ел аузынан естіген аңыз бойынша, Гауһар ана қайтыс боларында «Мені інім Ибраһим шайхтың қаны төгілген жерге қойыңдар» деп өсиет етіпті. Аңызға сенсек, Ибраһимді Сүйір деген халық өздері қазған арықтан рұқсатсыз су алғаны үшін кетпенмен шауып өлтірген, яғни бұл Сүйір арығының жағасы болуы керек. Нақақтан-нақақ жаны қиылған бауырының қаны төгілген жерде Гауһар ананың да мазары жатыр.

түзету колониясындағы мектепте директор болып жұмыс істеген ақсақал кейін қатты ауруға шалдығды. Бауыр ісігінен зардап шеккен оның наукасы жанына әбден батыпты. Әрине, бұл кеселдің емі болмай талай адам өмірден өткені рас. Алайда, көрер жарығы бар екен, пенденің пешенесіне жазылмаған бұл наукастан айығу осы кісіге бұйырған. Наукасы жанына батып жүрген бір күндері түнде ұйықтап жатқанда түсінде аян беріледі. Оянғаннан кейін «Салу керек» деген сөз есінен шықпай қояды. Нені салу керек?! Өзі де білмейді. Сөйтіп, жүргенде Гауһар ана зиратының басын мал таптап жатқандығын көреді. Маған берілсе деп қызын шығар деп баласының үйін сатып, сол қаржымен зираттың айналасын қоршап, басына шағын мазар тұрғызыпты. Бұл әрекетін Алла қабыл қылса керек, ақсақал ауруынан құлан-таза айығып кетеді. Содан бастап Нұрғали есімді қария осы кесене басына келушілерді қабылдап, шама-шарқынша оларға қолғабысын тигізеді, қарауылдық қызмет жасайды.

Аңыз-әңгімелерде Гауһар ананың баласы болмағаны баяндалады. Әкесі «Емніңен жазылған адамдардың бәрі — сенің балаларың» деп қызын жұбатқан деседі.

Әсілі, Түркістан көне шаһар ғой. Қалада жатаған жер үйлер көп екен. Бір қуантарлығы, көше-көшенің бойындағы бизнес нысандарының атаулары қазақы мазмұнға бай. Және қала халқының сыйаылығына, еңбекқорлығына сүйсіндік. Облыс орталығының мәртебесін иеленген көне шаһардың кемелдене, ажарлана түсеріне сенім арттық.

Халқымыздың «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген сөзінің жаны бар. Көпшілік көзбен көргенін әр жерде айта жүреді. Балқаштық ардагерлер де сапарлы ұйымдастырған қалалық Ардагерлер кеңесіне, төрағасы Тайтөлеу Жұмановқа алғасыз алғыс білдірді. Түркістан жерінен рухтанып, көңілдері марқайып оралды. Қайтар жолда есімізге Мағжанның мына өлеңі орала берді, орала берді... Түркістан — екі дүние есігі ғой, Түркістан — ер түріктің бесігі ғой. Тамаша Түркістандай жерде туған Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен, Тұранда ер түрігім туып-өскен. Тұранныңтағдырыбартолқымақ, Басынан көп тамаша күндер кешкен...

**Қуаныш АМАҢҚҰЛОВ**  
**БАЛҚАШ-ТҮРКІСТАН**  
**БАЛҚАШ**

## ● МЕРЕЙ

**Заңы әділет қағидаларына сүйенген мемлекеттің келешегі кемел боларына сенім мол. Ал, тұтас мемлекеттің тағдырына алаңдап, ұлт ұпайын түгендеп жүрелік, ғұмыр бойы турашылдықты ту етуден талмайтын тұлғалар бар. Олар мамандығы мен лауазымына қарамастан қоғамдағы бірегейлікке риясыз еңбек етумен келеді. Қош. Алла сөз етер кейіпкер, осындай көрнекті, абзал жан — Болат Кенелұлы Сыздықов.**



зметтерін мүлтіксіз атқарады.

Б.Кенелұлы өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан осы уақыт межесіне дейін Жезқазған қаласының адвокаттығынан ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының өкілі болып қажырлы қызмет етті. 2022 жылдан бері Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Ресей Қылмыстанымдық Қауымдастығының, Заң ғылымдарының Ресейлік академиясының, Санкт-Петербург Қылмыстанымдық клубының мүшесі. «Жоғарғы оқу орнының 2007 жылғы үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иесі. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Қаламын ғұмырына серік еткен Болат Сыздық баспасөз саласында қазақ құқығының мәңгі-бақи, қылмыстық құқық пен имандылық, қылмыстаным мен қазіргі заңнама терминологиясы сынды толғақты тақырыптарға 300-ге тарта отандық және шетелде жарық көрген жарияланым авторы. 200-ден астам ғылыми-әдістемелік мақала жазды.

Аудандық, аймақтық, республикалық, мәскеулік мерзімді баспасөз беттерінде және түрлі жинақтарда жарияланған 80-ге жуық ғылыми-танымдық, ғылыми-публистикалық, поэтикалық, тұлғатанымдық жарияланымдар иесі. Қашанда жаңашылдыққа жаны құмар азамат, қай салада еңбек етсе де, тың бастамалар мен жұмысты жүйелі ұйымдастыра білді.

Ол — заңгер, ғалым әрі журналист. Журналистік мән-жайы, қылмыстық тағдыры мен ғұмыры тұтастыра меңгеруі — табиғатынан дарыған зердесінен жүзеге асқан терең ой еңбегінің жемісі.

Оның заң саласындағы елеулі еңбегі — қылмыстық құқық және қылмыстану; қылмыстық-атқару құқығы мамандығы бойынша «Жұртшылықтың қылмыстылыққа әсер етуге заманалық жағдайда қатысуы» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғағандығы. Ол ұдайы негізде өзі айтқандай «Бидайдың дөңегі мен кебегін айыру — оңай, ақпараттың дөңегі мен кебегін айыру — қиын» қағидатын басшылыққа алып, ха-

рекет ететін деңдар жан.

Болат Кенелұлы әрқашан замандастарына көмекке келуге дайын, достықты жоғары бағалайтын және өз ортасына қадірлі, болмысы безбат, адал азамат қалыбынан айныған емес.

Саяси ұстаным, замана ахуалы және шығармашылық тұлға тағдыры бағытындағы таусылмайтын дау, бітпейтін тектірестер шарпында Болат Сыздықов тарих, ұлт алдындағы кәсіби борышына адал тұлғалық қалпында бой көрсетіп келеді. Оған дәйек ретінде Қарағанды облыстық қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде өңір дамуына олжалы ойларын қосуын атап өткен абзал.

Оның қай зерттеуін қолға алсаңыз да, алдымен қазақ танымы мен әлемі атты кастерлі құндылықты қорғау, құнарландыру парызында ғұмыр кешкен қазақтың қайталанбас дүниетанымы мен тұлғаларының шығармашылық жаратылысын өмірлік негіз етеді. Көбіне ұлттық құндылықтар дегенге еңжар, селсоқ қарайтын, ендігі ұрпақ елде-ескере бермейтін көп рухани құбылысты құнттау мәселесінде біз атаған кейіпкеріміздің ғылымдағы, өмір ортасындағы өз кісілік болмысы бөлек.

Атамекен. Ел мен жер. Туған халқының тілі мен мәдениеті, тарихы. Осындай бірегей құндылықтарды әлеуметке әділдік әкелетін заңмен үйлестіре пікір ұсыну, көдеге жарату үшін қандай

болу қажет? Өмірде өзін діттеген игі ниет жүзеге ылғы аса бермейді. Болат Сыздықов қай тақырыпқа сөз қозғаса да, бастауында ұлтын ұлықтап, халқын қадірлеуді алға тартады. Туралықты тәпсірлейді. Оның тұлға бойында мысалдай жасандылық жоқ. Нендей ортада тұрып не айтса да толғанып айтады, дерегі мен дәйегін қатар өріп, жұртшылықты соңына ілестіріп, баурап алады. Пайымы жоғары парасатты іскер жанның кастерлейтін қоғамы мен адамын қадір тұтпау әсте мүмкін емес...

Саясаттанушы Айдос Бәдел «Болат Кенелұлының еңбектері қазіргі заңнама саласының тәпсіріндей ерек дүниелер. Жазу тілі қарақөз қазаққа ұғынықты «былғанбаған», шұрайлы. Ұлт, тәрбие мәселелерінде сергек атпал азамат. Ел біле бермейтін тағы бір қыры салауатты өмір салтын насихаттаушы» деген лайықты бағасын береді.

Өнегелі өмірімен еліне, жеріне абыройлы қызмет етуден жалықпаған жанның бағын ашып, ырысын тасытқан, баянды болашаққа жеткізген халқының ақ батасы екені ғас болар. Елденше, заң мен ғылымның теңдосына айналан Болат Кенелұлының сәуелі ғұмырына берекелі бақыт тілейміз!



## Хабарландыру

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

**ботаника кафедрасы**  
профессор-зерттеуші – 1 бірл.,  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**зоология кафедрасы**  
аға оқытушы – 2 бірл.

**физиология кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
профессор ассистенті – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 1 бірл.

**шетел филологиясы кафедрасы**  
профессор – 1 бірл.,  
профессор ассистенті – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 2 бірл.,  
оқытушы – 5 бірл.

**шет тілдер кафедрасы**  
аға оқытушы – 4 бірл.

**шет тілдік дайындық теориясы мен әдістемесі кафедрасы**  
профессор-зерттеуші – 1 бірл.,  
профессор – 1 бірл.,  
профессор ассистенті – 2 бірл.,  
аға оқытушы – 7 бірл.,  
оқытушы – 6 бірл.

**аударма теориясы мен практикасы**  
профессор ассистенті – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 1 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**археология, этнология және Отан тарихы кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
профессор ассистенті – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 1 бірл.,  
оқытушы – 3 бірл.

**Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасы**  
аға оқытушы – 3 бірл.,  
оқытушы – 2 бірл.

**профессор Т.Ғ.Мұстафин атындағы алгебра, математика және геометрия кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
профессор ассистенті – 1 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**математикалық талдау және дифференциалдық теңдеулер кафедрасы**  
профессор ассистенті – 1 бірл.,  
оқытушы – 2 бірл.

**математика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасы**  
профессор – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 1 бірл.,  
оқытушы – 3 бірл.

**қолданбалы математика және**

**информатика кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 2 бірл.,  
оқытушы – 5 бірл.

**мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық дайындық кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 2 бірл.,  
аға оқытушы – 1 бірл.

**бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы**  
аға оқытушы – 2 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы**  
профессор ассистенті – 2 бірл.,  
аға оқытушы – 3 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 2 бірл.,  
профессор ассистенті – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 3 бірл.

**профессор Ж.С.Ақылбаев атындағы инженерлік жылу физикасы кафедрасы**  
аға оқытушы – 1 бірл.,  
оқытушы – 2 бірл.

**радиофизика және электроника кафедрасы**  
профессор – 1 бірл.,  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 2 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**көлік және логистикалық жүйелер кафедрасы**  
аға оқытушы – 1 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**физика және нанотехнологиялар кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 2 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**қазақ тіл білімі кафедрасы**  
профессор – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 1 бірл.

**қазақ әдебиеті кафедрасы**  
профессор ассистенті – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 1 бірл.

**профессор Ғ.А.Мейрамов**

**атындағы орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 2 бірл.,  
аға оқытушы – 6 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**саясаттану және әлеуметтану кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
профессор ассистенті – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 1 бірл.,  
оқытушы – 2 бірл.

**психология кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 4 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасы**  
аға оқытушы – 2 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**философия және мәдениет теориясы кафедрасы**  
профессор-зерттеуші – 1 бірл.,  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 2 бірл.,  
оқытушы – 2 бірл.

**бейорганикалық және техникалық химия кафедрасы**  
оқытушы – 1 бірл.

**органикалық химия және полимерлер кафедрасы**  
профессор-зерттеуші – 1 бірл.,  
қауымдастырылған профессор – 2 бірл.,  
аға оқытушы – 2 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**физикалық және аналитикалық химия кафедрасы**  
аға оқытушы – 1 бірл.,  
оқытушы – 4 бірл.

**химиялық технология және мұнай химиясы кафедрасы**  
аға оқытушы – 1 бірл.

**бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасы**  
аға оқытушы – 1 бірл.

**маркетинг кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 2 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**менеджмент кафедрасы**  
профессор – 1 бірл.,  
қауымдастырылған профессор – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 2 бірл.,  
оқытушы – 1 бірл.

**қаржы кафедрасы**  
профессор – 1 бірл.

**экономика және халықаралық бизнес кафедрасы**  
профессор-зерттеуші – 1 бірл.,  
қауымдастырылған профессор – 5 бірл.,  
аға оқытушы – 1 бірл.,  
оқытушы – 3 бірл.

тушы – 3 бірл.

**азаматтық және еңбек құқығы кафедрасы**  
аға оқытушы – 1 бірл.

**конституциялық және халықаралық құқық кафедрасы**  
қауымдастырылған профессор – 3 бірл.,  
аға оқытушы – 2 бірл.

**мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы**  
профессор – 1 бірл.,  
профессор ассистенті – 1 бірл.,  
аға оқытушы – 2 бірл.

**қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасы**  
профессор – 2 бірл.,  
қауымдастырылған профессор – 2 бірл.

**әскери кафедра**  
оқытушы – 1 бірл.

**Молекулалық нанопотоника институты**  
кіші ғылыми қызметкер – 1 бірл.

**Химиялық мәселелер институты**  
бас ғылыми қызметкер – 1 бірл.

**Биотехнология және экономиторинг ғылыми-зерттеу паркі**  
аға ғылыми қызметкер – 1 бірл.

**«Нанотехнология және функционалдық наноматериалдар» ғылыми орталығы**  
кіші ғылыми қызметкер – 1 бірл.

**«Иондық-плазмалық технологиялар және заманауи аспап жасау» ғылыми-зерттеу орталығы**  
ғылыми қызметкер – 1 бірл.

**Сарыарқа археологиялық институты**  
ғылыми қызметкер – 1 бірл.

**Қойылатын талаптар:** «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ профессор-оқытушылар құрамының кәсіби біліктілік стандарты

**Конкурсқа құжаттарды тапсыру мерзімі:** хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн

**Құжаттар Қарағанды к., Университет к-сі, 28 мекенжайы бойынша орналасқан академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Қызметкерлерді басқару бөліміне (228 каб.) ұсынылады.**

**Анықтама телефоны:** 8 (7212) 35-63-96

## Еске алу

Жаңаарқа ауданы Атасу кентінің тумасы, кенже атанның асқар таудай тұлғасы, бауырларының панасы, жастарының ағасы болған **Баян Құсайынұлы МЕНТАЕВТЫҢ** қайтпас сапарға аттанғанына 40 күн толады.

Баян 1974 жылы Семейдің зооветеринарлық институтын бітірген соң Жаңаарқа ауданының шаруашылықтарында мал дәрігері болып істеді. Жұмыс десе жанын беретін маман кешікпей-ақ совхоздың бас мал дәрігері болып, кейін ауданның ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары лауазымына тағайындалды әрі ветеринария қызметін басқарды. Осы қызметте жүріп шалғайдағы «Айнабұлақ» совхозының директорлығына көтерілді. Шөбі пүліш, суы күміс берекелі ауыл ол басқарған жылдары үлкен жетістікке жетті. Совхоз тараған соң да он жылдан аса сондағы өндірістік кооперативке жетекшілік етті. Кейін денсаулық жағдайымен Қарағандыға келіп орналасып, өз саласы бойынша көп жылдар қызмет атқарды.

Жемісті еңбегі еленіп медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған. Бауырымыздың басына Алланың жіберген сынағы шығар 1994 жылы жастайынан қосылған жарынан, кейін жалғыз ұлынан айырылып қалды.

Қиындыққа мойымай қасқая қарсы тұрған Баян кейінгі жолдасы Гүлмирадан үш перзент сүйді.

Алайда, соңғы жылдары денсаулығы сыр беріп, қатты қиналып жүрді. Биылғы жылы қазан айының 13-і күні 73 мүшел жасында қайтыс болды.

Қарасаң жалған екен өмір деген, Жетеді ажал бір күн көрінбеген Жәннаттан орын алсын әруағың Ер едің талай елдің қамын жеген – деп өзіңді қимастықпен еске алушы аға-інілерің **Мақсұт, Елемес, Ертай, Өмірәлі, Мертай, Назыр, Қинаш, Досжан, Ғабиден,** баласы – **Хақназар және тағы басқалары.**

**Р.С. Марқұмның қырқы Қарағанды қаласы, Ғапеев көшесі 37, «Думан» ресторанында 2022 жылы 24 қараша күні сағат 19:00-де беріледі.**

№778

«Saryarqa aqparat» медиахолдингінің ұжымы Қарағанды облысының әкімдігі «Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Темірхан Серікбайұлы Абылаевқа орны толмас ауыр қаза әкесі **Серікбай АБЫЛАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



### ● САЙЫС

## Әскерилер әзілдесіп жарысты

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

**Қарағандыдағы Достық үйінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Орталық» өңірлік қолбасшылығы 6505 әскери бөлім командирінің кубогіне 1-2022 жылғы шақырылым сарбаздары арасында КТА ойыны бойынша жарыс өтті. Аталған іс-шараға құраманың алты бөлінісінен құралған алты команда қатысты.**

Сайыс барысында ойыншылар КТА-ға жоғары деңгейде дайындалғанын көрсетіп, көрермендердің көңілін көтерді. Өзіл арасында астарлап, өзекті мәселелерді де тілге тиек етті.

Ойын ережесі сай таныстыру, музыкалық көрініс, биатлон, үй жұмысы сынды төрт кезеңнен тұрды. Әр үздік құрамаға ең жоғары 5 деген баға берілді.

Өзгелерден бір бас алға шығып, бригада командирінің кубогін 3-атқыштар батальонының

«Ұлт мақтанаштары» командасы жеңіп алды. І жүлделі орынды 4-атқыштар батальонының «Тигр» командасы алса, ІІ орын 2-атқыштар батальоны – «Бір үйдің балалары» командасына бұйырды. Жүлделі ІІІ орынға 2-атқыштар ротасы – «Чемпион» құрамасы табан тіреді.

Іс-шара соңында қатысушылар мен ұйымдастырушы құрамына Құрмет грамоталары мен бағалы сыйлықтар табысталды.

### Электрондық пошта:

ortalyk.kaz@mail.ru

#### ХАБАРЛАМА

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кеңесінің мүшелігіне бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурсты өткізу күні: 19.12.2022 жыл.

Конкурсты өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2-үй, 4-қабат, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ардақ көшесі, 1 құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының № 2 емханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 32-88-01. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 2 бос орын.

2. Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Абай көшесі, 53/3 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Теміртау қаласының № 2 емханасы» КМК-да байланыс телефоны 8(7213) 44-77-29. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 2 бос орын.

3. Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Шипагер қылысы, 13-үй мекенжайы бойынша орналасқан «Балқаш қаласының орталық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(71036) 4-09-88. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 2 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірін болуын қамтиды:

– денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

– денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бойынша басшы лауазымда кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

#### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 19.12.2022 года.

Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. В КГП «Поликлиника № 2 города Караганды» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Ардак, строение 1, контактный телефон 8(7212) 32-88-01. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 2 вакантных места.

2. В КГП «Поликлиника № 2 города Темиртау» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Темиртау, улица Абая, дом 53/3, контактный телефон 8(7213) 44-77-29. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 2 вакантных места.

3. В КГП «Центральная больница города Балхаш» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Балхаш, переулок Шипагер, дом 13 контактный телефон 8(71036) 4-09-88. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 2 вакантных места.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

– наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее пяти лет;

– наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее трех лет;

– членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:

– имеющее непогашенную или неснятую судимость;

– являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;

– ранее совершившее коррупционное правонарушение;

– находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы для участия в конкурсе необходимо предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14 в срок до 19.12.2022 года.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);

2) резюме на государственном и русском языках;

3) автобиография (в произвольной форме);

4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;

5) копия документа о высшем образовании;

5) копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора либо другой документ, подтверждающий стаж работы;

6) копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника согласно статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;

7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Дата приема документов с 17.11.2022 года.

№779





## ● ТЕАТР

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында театрдың 90 жылдығы, жазушы, драматург Жабал Ерғалиевтің 70 жылдығы аясында «Жетім тағдыр» әлеуметтік драмасының премьерасы өтті. Қоюшы режиссері – театрдың көркемдік жетекшісі Айдын Салбан.

«Мен сені сүйгем, жаныммен сүйгем, жарық күн. Жатсам да сүйем тұңғығыңда тамұқтың» деген (Мұқағали) өлең жолдарымен басталды қойылым. Екі жастың арасындағы саф махаббат. Оған қарсы ата-ана және бір-біріне ынтыққан ғашық жүректер. Қыз бай-дәулетті отбасынан да, жігіт жетім өскен.

– Жетімдік қоғамның өзекті мәселесі. Осы пьесаны көрген көрерменнің рухани-адамгершілік тұрғысынан кедейленген, адам кейпінен айырыла бастаған адамдар жайлы ойланғанын қаладым, – деген екен Жабал Ерғалиев «Жетім тағдыр» пьесасы хақында.

Бұл махаббат қос ғашықты санасы мен өмірге деген көзқарасын өзгерткен көптеген қиындыққа душар етеді. Жас жұбайлар бақытқа жету жолында барлық кедергіні жеңеді.

Жастардың сезіміне қарсы адам – қыздың әкесі. Ол қызын қоғамда орны, үйі-күйі жоқ жетімге бергісі келмейді.

Бас рөлдегі ару Жазираны Әнелі Сағындыкова, жетім жігіт Сәбитті Нұрым Әлжаппаров сомдады. Бұл – театрға жаңадан келген Нұрымның дебюті.

Жағымсыз кейіпкер Жазираның әкесінің рөлін Бақытжан Ерғалиев сомдады.

– Мұхит рөліне үйрену оңай болған жоқ. Кейіпкеріммен салыстырсақ, мен оған қарағанда жастауым. Ал, ол 50 жастағы әке. Бай әрі қоғамда өз орны бар беделді адам. Оның үстіне, тәкаппар, байлық пен мансап үшін бәрін

# «Адамның бір қызығы бала деген...»



киюға дайын. Қатты қиналмасам да, өз денгейінде қиындық болды, – дейді Бақытжан Ерғалиев.

Жалпы, оқиғаның желісі – тартымды. Драма қазіргі таңдағы өте өзекті мәселені қозғайды. Ар-намыс, өмір үшін күресуге деген құштарлық және адамның асыл сезімдері.

– Бұған дейін де осындай рөлдерді сомдағанмын. Бірақ, бұл кейіпкердің ойлары мен сезімдерін түсіну қиындау болды. Десе де, ойдағыдай ойнап шықтым деп ойлаймын. Біз жетімдерді басқа адамдардан бөле-жарып қарамауымыз керек. Олар да біз сияқты адам. Ғашық болып, отбасын құра алады, – дейді Нұрым Әлжаппаров.

Мұхиттың оң қолы Шахан Есенұлын – Аманкелді Мұқашев сәтті сомдаса, жары Елена Ивановнаны – Дина Зайтова әсерлі алып шықты. Еленаның аяқ асты күліп, бірден жылай салуы, байдың әйелінің түрлі қылықтарын шебер сомдауы көрерменді тәнті етті.

Тағы бір айта кетерлігі, басында әртістер жұп-жұптан шығып, қарама-қарсы орындықтарға отырады. Жас ерекшеліктері барған сайын ұлғая түседі. Осыны көріп, «барлығы сол ғашық жұптың қартаюы, яғни, олар жастық шағын еске алуда» деп ойлады. Сөйтсек, бұлар бастықтың сөзінен шыға алмайтын, жағымпаз ұжым екен.

Бізді түрлі ойға жетелеген тағы бір элемент – алма. Қызыл және көк алмалар. Оны біресе байлық, біресе бұйрық, біресе бақыт деп ұқтық. Жұмақтан алма жеп қуылған Адам ата мен Хауа ана жайлы аңыз тағы бар.

– Алма – бала, перзент. Әкесінің бай адаммен құда болуға келіскенде қызының қарсы шығуы, әйелін «қызына дұрыс тәрбие бер» деп ескертуі бәрі алма арқылы жүріп отырды. Актерлер қолынан соңына дейін алма тастамады. Жындыханаға жабылған

Сәбит ақыры жеңіп, Жазираға үйленіп, мақсат-мұратына жетеді. Соңында барлық кейіпкердің алманы жеп қоюы – баланың қадірін білмейтін ата-аналардың келбеті. Әрқайсының алманы қалай жеуінен-ақ, мінез-құлқын тануға болады. Балаларын өз мақсаты үшін қия салуын көрсеткіміз келді. Басты мақсат – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты, саф махаббатты сақтап қалу, – дейді Айдын Абзалбекұлы.

Бір ерекшелігі – драманың уақыты 50 минуттың көлемінде. Қысқа әрі нұсқа. Сөз аз. Көп әрекет пен актердің жан-дүниесін қимыл арқылы ұғасыз. Және барлық актер сахнада. Декорация, жарық арқылы ауысып, шығып отырады. Біздің ойымызша, бұл – біраздан бері театрдан көрмеген ерекшелік. Режиссердің шешімдері, костюмдер бәрі үйлесіп, қабысып жатты. Көрермен жалыққан жоқ. Аз уақытта көп ой түйіп кеткені анық.

Адамның бір қызығы бала деген... Жетімдіктің қамытын киген жанның, ғашық болуға әрдайым хақы бар, әрине. Рухани жетімдер әлемінде тіл, дін, намыс сынды құндылықтардан ада болған бұл қоғамда, ең қасіреттісі һәм қайғылы болып тұрған жетімдік тақырыбы, салыстырмалы түрде қарағанда сананы сергелденге салады.

«Отбасылық кикілжіңдер омартасында қалған нәзік жандының, жетім жігітке деген ынтық сезімін тұмшалап, тұншықтыра ұстаған ата-ананы мейірім мен жанашырлықтан түл еткен өмірдің қай бұралаң жолы екен» деген ойға жетелейді.

Шынында, өз жемісінің өзегін кемірген әке-шешенің орманы қурамайтындығына кім кепіл? Ең бастысы, «Отан – отбасыдан басталады» деген нақыл сөздің ақиқат екендігіне тағы бір рет көз жеткіздік.

Суреттерді түсірген  
**Батырхан БЕКЕНҰЛЫ**

## ● БАЙҚАУ

# «Ақбереннің» үздіктері

«Балалар жылы» аясында, облыстық білім басқармасы жанындағы «Сарыарқа дарыны» оқушыларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының жылдық жоспарына сәйкес, 8-11-сынып оқушылары арасында, «Ақберен» республикалық байқауының облыстық іріктеу кезеңі өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мақсаты – жас дарындар арасынан гуманитарлық-эстетикалық ғылымдар саласына бет бұратын шығармашылыққа бейім, тапқыр, талантты балаларға жол көрсету, бағыт-бағдар беру.

Облыстық іріктеу кезеңі «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында өтті. Оған аудандық және қалалық кезеңдердің жеңімпаздары қатысты. «Ақберен» байқауына Бұқар жырау, Ақтоғай, Қарқаралы, Осакаров, Нұра, Шет аудандарының, Қарағанды, Балқаш, Қаражал, Теміртау, Приозерск, Шахтинск қалаларының және облыстық Ж.Жамбыл, Н.Нұрмаков, Дарын, Мұрагер мамандандырылған мектеп-лицей-интернаттары, №1 және №2 Білім инновация лицейі, «Зияткер» мамандандырылған мектеп-интер-

наттары, Ақпараттық технология мамандандырылған мектеп-интернатының оқушылары қатысты.

90 оқушы қатысқан байқау қорытындысында, «Эссе жазу» номинациясы бойынша І орын Балқаш қаласының Русаков атындағы мектеп-интернатының ІІ-сынып оқушысы Замира Разақоваға бұйырса, «Шешендік өнер» аталымында І орынды қарсыластарынан оқ бойы озық шыққан Қарағанды қаласы Абай атындағы мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Еркежан Қаныш жеңіп алды. Ал, «Ақындар айтысы» номинациясы бойынша І орын биігінен Балқаш қаласы С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы Амангелді Бекарыс көрінсе, «Ақындар мүшәйрасы» аталымында І орынға Бұқар жырау



ауданы Ростовка тірек мектебінің 8-сынып оқушысы Сержан Жаншырақ лайық деп танылды. «Ұлттық аспапта ойнау» номинациясында І орынды Балқаш қаласы Сәкен Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Али Нұрлыбайұлы иеленсе, «Көркемсөз оқу» аталымында І орынға Қарағанды қаласы №61 жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушысы Изат Нұрғасыр жайғасты.

І орынға не болған жеңімпаздарға диплом, арнайы кубок және қаржылай сыйлық табысталса, қалған жүлдегерлерге диплом мен ақшалай сыйлық берілді.

Облыстық іріктеу кезеңінен І орын алған жеңімпаздар 2022 жылдың 28-30 қараша аралығында Астана қаласында өтетін республикалық байқауға қатысады.

## ● КҮРЕС

# Боз кілемде жас балуандар

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

16 қараша күні Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Владимир Лепеханы еске алуға арналған грек-рим күресінен республикалық турнир басталды. Жарыс «Жастар» СК базасында 2008-2009 жылғы жасөспірімдер арасында өтуде.

Республикалық біріншілікте бақ сынамаққа Астана қаласы, Ақмола, Павлодар, Қостанай, Ұлытау және Қарағанды облыстарынан 151 балуан жиналған. Аталмыш турнир дәстүрге айналды һәм ол Қарағандыда 8-ші мәрте өткізілуде.

– Мен өзім бір кездері осындай біріншіліктерге ерекше ықыласпен қатысқанмын. Кез келген жарыс өте маңызды және жас спортшыларға шеберлікті арттыру, тәжірибе жинау және басқа аймақтардағы қарсыластармен қарым-қатынас жасау үшін қажет. Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Владимир Иванович Лепеханы еске алу сияқты танымал және құрметті турнирлер Қазақстанда өте аз. Осындай спорттық оның ішінде белдесу сайыстарының саны көбірек болуы керек. Шынында да, спортшы неғұрлым жиі жарысса, соғұрлым оның дене бітімі, спорттық дағдылары жақсарады, – деді турнир қонағы, грек-рим күресінің қарағандылық балуаны Ерұлан Ысқаков.

## ● БОКС

# Азия чемпионатындағы жеңіс

Иордания астанасы Амманда өтіп жатқан бокстан XXXII Азия чемпионаты аяқталды. 27 елдің спортшылары бақ сынаған байрақты бөсекте Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте 6 алтын, 7 күміс пен 8 қола жүлдемен көш бастады.



Қыздар арасында 48 келіде Алуа Балқыбекова, 54 келіде Жайна Шекербекова, 57 келіде қолғап түйістірген Карина Ибрагимова Азия чемпионы атанды. Ал, ерлер арасында 48 келіде жудырықтасқан Санжар Ташкенбай, 71 келіде Асланбек Шымбергенов пен 92 келіден жоғары салмақ дәрежесінде шыққан Айбек Оралбай алтыннан алқа тақты.

Ал, Сәкен Бибосынов (51 кг), Махмұд Сабырхан (54 кг), Серік Теміржанов (57 кг), Дулат Бекбауов (67 кг), Нұрканат Райыс (75 кг), Қамшыбек Қоңқабаев (+92кг) пен қыздар арасында шыққан Гүлсая Ержан (81 кг) күміс жүлдегер атанды.

Назым Қызыбай (50 кг), Жазира Орақбаева (52 кг), Мадина Нұршеева (66 кг), Дариға Шәкімова (70 кг), Ләззат Күнгейбаева (+81кг), Саматәлі Төлтаев (60 кг), Нұрбек Оралбай (80 кг), Сағындық Тоғамбай (86 кг) сынды білекті боксшыларымыздың қоржыны қола жүлдемен толықты.

Чемпионат қорытындысы бойынша 6 алтын, 3 күміс және 4 қоламен Озбекстан құрамасы ІІ орын иеленді. Үздік үштікті 4 алтын, 2 күміс және 6 қоламен Үндістан боксшылары түйіндеді.

## ● ТАЭКВОНДО

# Таэквондошылар турнирі

Қарағандыда WT таэквондодан интернационалист жауынгерлерді еске алуға арналған XVII ашық республикалық турнир өтті. Жарысқа ел спортшыларынан бөлек Ресей мен Қырғызстаннан 650-ге жуық спортшы қатысты.

– Жарыс 3 күнге созылды. Жылдағы турнирлерге қарағанда биыл ауқымды өтті десем, артық айтқандық емес. Алғашқы екі күнде спортшылар мен жаттықтырушылар жудырықтасса, соңғы күні пара және сурдо спортшылар өнер көрсетті. Бұл қатарда облыс құрамасы сапындағы спортшыларымызда бар.

Облыста бұл спортпен айналысатын жастардың дайындығы жоғары. Басқа аймақпен салыстырғанда көшіміз ілгері, – деді облыстық таэквондо федерациясының бас хатшысы, жарыс ұйымдастырушы Асқар Смағұлов.

## ● ХОККЕЙ

# Тарихта қалған 100-ші гол

«Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионаты маусымында қарсылас командаға 100 шайба салған алғашқы команда болып тарихта қалды.

Жерлестер маусымның басынан 100 шайбадан артық салған. Қарағанды хоккей мектебінің тәрбиеленушісі Руслан Демин 100-ші шайбаны павлодарлық «Ертістің» қақпасына салған. Сонымен қатар, ол осы ойында кос голдың авторы атанды.

Қарағандылықтардың жетістігі бұнымен шектелген жоқ. «Ертіс» клубын ірі есеппен жеңген жерлестер, маусымдағы үзілмеген 20-шы жеңісін тойлады.

Дайындаған  
**Ербол ЕРБОЛАТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

| Біздің сайт: <a href="http://www.ortalyq.kz">www.ortalyq.kz</a>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Таралымы 6 230                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Электрондық пошта: <a href="mailto:ortalyk.kz@gmail.com">ortalyk.kz@gmail.com</a> <a href="mailto:ortalyk.kaz@mail.ru">ortalyk.kaz@mail.ru</a>                                                                                                                                                                                                                                              | Жарнама бөлімі: <a href="mailto:ortalyk.reklama@mail.ru">ortalyk.reklama@mail.ru</a>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Құрылтайшысы: облыс әкімдігі</p> <p>МЕНШІК ИЕСІ:</p> <p>«Saryarqa aqarata» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>Директор <b>Қайрат ӘБІЛДА</b></p> <p>Директордың орынбасары –</p> <p>«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы</p> <p><b>Оксана МЯГКИХ</b></p> <p>Директордың орынбасары</p> <p><b>Гүлмира ЖҰМАДИЛДИНОВА</b></p> <p>Бас редактор</p> <p><b>Ерсін МҰСАБЕК</b></p> <p>Бас редактордың орынбасары</p> <p><b>Назым ДҮТБАЙ</b></p> <p>Интернет-редакция редакторы</p> <p><b>Ілияс МҰҚАЙ</b></p> <p>Жауапты хатшы</p> <p><b>Қасымхан ҒАЛЫМ</b></p> | <p><b>Телефондар:</b></p> <p>Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53</p> <p>Бас редактордың орынбасары: 43-57-76</p> <p>Интернет-редакция редакторы: 43-38-33</p> <p>Жауапты хатшы: 43-49-72</p> <p>Экономика бөлімі: 43-31-77</p> <p>Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88</p> <p>Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72</p> <p>Әлеумет бөлімі: 43-49-72</p> <p>Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92</p> <p>Интернет редакция бөлімі: 43-31-77</p> | <p>Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;</p> <p>Компьютер орталығы: 43-58-08.</p> <p><b>Меншікті тілшілер:</b></p> <p>Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70</p> <p>Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13</p> <p>Теміртау, Сараң, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19</p> <p>Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88</p> <p>телефонына хабарласыңыздар.</p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>● Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.</li> <li>● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</li> <li>● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.</li> <li>● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.</li> <li>● Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.</li> <li>● Материалдың жариялану ақысы төленген.</li> <li>● Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.</li> </ul> |
| <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.</p> <p>Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №333 үй.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

